

ЛЕНИН ТУҒЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҒАЗЕТІ

№ 192 (9510)

1954 жылғы 26 сентябрь Жексенбі

Шығуына 35 жыл.
жеке саны 20 тыйын.

БҮГІН—ТАНКШІЛЕР КҮНІ

Бүгін еліміздің еңбекшілері Танкшілер күнін мерекелеп өтеді. Жылма-жылы бұл мереке ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының 1946 жылғы арнаулы Указы бойынша өткізіледі. Мерекенің мақсаты—танк және механикаландырылған әскерлердің маңызын, олардың Ұлы Отан соғысындағы, сол сияқты біздің танк жасаушыларымыздың Қарулы Күштерімізді бронетанк техникасымен қарулаңдырудағы көрнекті еңбегін бүкіл дүние жүзіне тағы да бір рет көрсету болып табылады.

Танкшілер күні быйыл совет халқының коммунизм құрылысы ісінде тамаша зор табыстарға қол жеткен жағдайда өткізіліп отыр. Коммунистік партия мен Совет Үкіметінің басшылығы және қамқорлығы арқасында еліміздің еңбекшілері бесінші бесжылдық жоспарды ойдағыдай орындағалы отыр. Социеттік экономика бұрынғыдан да бетер дамуда. Мәдениет пен ғылым барған сайын гүлдене түсуде, еңбекшілердің заттай алауқат дәрежесі үздіксіз өркендеуде.

Совет адамдарының осындай бейбітшілікті еңбегін Қарулы Күштеріміз қырағы күзетуде. Барлық совет жауынгерлерімен бірге совет халқының адал ұлдары—біздің танкшілеріміз де Отанымыздың мүддесін қырағы қорғау күзетінде тұр.

Совет Армиясының бронетанк және механикаландырылған әскерлері жауынгерлік даңқты жылдардан өтті. Партиямыз бен Совет Үкіметінің қуыбе-күні көмегі, әрі қамқорлығы нәтижесінде бұлар қысқа мерзім ішінде-ақ өсіп, нығайды. Совет Армиясының соққы беретін негізгі күшінің бірі болып алды.

Патшалық Россияда танк өнеркәсібі мен танктердің мүлдем болмағаны мәлім. Соған қарамастан тек орыс өнертапқыштары, орыс инженерлері мен ғалымдары ғана дүние жүзінде тұңғыш танктердің үлгісін жасады.

Біздің бронетанк әскерлеріміз бен танк өнеркәсібіміз тек Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін ғана өркендей бастады. Өйткені, совет республикасы құрылған алғашқы күндерден бастап-ақ Коммунистік партиямыз еліміздің Қарулы Күштерін жасақтау мәселесіне ерекше зор көңіл бөлді. Сөйтіп, алғашқы автобронды отрядтар 1918 жылғы февральда Псков және Нарва түбінде герман империалистеріне қарсы ұрыстарға қатысты.

1919 жылы В.И. Лениннің нұсқауы бойынша Нижний Новгородтағы Сормово заводында совет танктерінің өндірісі басталды. Бұл 1920 жылдың өзінде-ақ Совет Армиясының құрамында автотанктік отрядтар құруға мүмкіншіліктер әперді. Отандық танк жасау осылайша басталды.

Бронетанк және механикаландырылған әскерлер, әсіресе, соғыстап бұрынғы бесжылдықтар ішінде өркендеп, дамыды. Бұл жылдары қуатты өнеркәсіп базасына сүйенген советтік танк жасау ісі кеңейтіле түсті. Танк өнеркәсібіміз жеңіл, орта және ауыр салмақты танктерді көптеп өндірді. Тек 1930 жыл мен 1939 жылдың аралығында ғана Совет Армиясының танк паркі 43 есе өсті. 1939 және 1940 жылдары совет конструкторлары танктердің қуатты жаңа түрлерін ойлап шығарды. Мұнымен бірге, танктерді пайдаланудың ғылыми теориясы жасалды. Ал, мамандығы жоғары танкші кадрлар даярлап шығару үшін танк және танк техникалық мектептер мен училищелер, сол сияқты, бронетанк және механикаландырылған әскерлер академиясы ашылды.

Міне, мұның барлығы Ұлы Отан соғысы басталар алдында Совет Армиясының үдік жаңа соғыс техникасымен қарулануына қамтамасыз етті. Ал, Ұлы Отан соғысының майдандарында бронетанк және механикаландырылған әскерлер бөлімдеріміз

ТУҒАН ЕЛІМІЗДЕ

ЖЕРДІҢ ФИЗИКАСЫ

Геофизика немесе жердің физикасы—жер қыртысының құрылымы, оның қасиеттері туралы және онда болып жататын процестер туралы ғылым жердің даму тарихын, құрылымын, оның «тіршілігін» зерттеудің ғылыми және практикалық зор маңызы бар.

ССРО Ғылым Академиясының геофизика институты директорының орынбасары Е.В. Карустын СОТА-ның тілшісіне хабарлауына институт коллективі жердің құрылымын зерттеуде әдеуір табыстарға жеткен. Геофизикалық барлаудың бірқатар жаңа әдістері жасалған. Кәзір зерттеушілердің қарамағында сезімтал приборлар бар, олар «жердің қалай шуылдан тұратынын» немесе онда әртүрлі электр қуатының, электромагнит толқындарының және басқаларының қалай үдіксіз қозғалып тұратынын ұстайды.

Мұнайды, көмірді және басқа пайдалы кендерді барлаған кезде академик Г.А. Гамбургер және басқа ғалымдар жасаған сейсмикалық барлаудың жаңа әдісі қолданылады. Бұл әдіс нағыз әртүрлі терең-

діктегі—бірнеше метрден ондаған километрге дейінгі тереңдіктегі құбылыстарды байқауға мүмкіндік туғызады. Жердің терең қабаттарын зерттеу үшін өзінің әдісін қолданып және оны жетілдіре отырып, академик Гамбургер Орта Азия ауданында жер қыртысының жалпы қалыңдығын анықтады, ол орта есеппен 50 километрге тең. Мұнымен бірге, осы аудандардың бірінде «таулардың тамыры», яғни жер қыртысының төменгі қабаттарының формалары зерттелді. Кәзір көмір мен рудаларды іздеуге инженерлік-геологиялық барлауға байланысты жұмыстарды жүргізу үшін бірқатар жоғары частоталы сейсмикалық станциялар ұйымдастырылып отыр.

ССРО Ғылым Академиясының мүше корреспонденті А. Н. Тихонов пен физика математика ғылымдарының кандидаты А. Г. Иванов электр қуатымен барлаудың жаңа әдістерін жасап, ұсынды, бұл әдістер жер қыртысынан өтетін ауыспалы электромагнит толқындарын пайдалануға негізделген. Олардың қысымын және қан-

шалықты тарайтындығын есептеп, белгілі бір биологиялық қабаттағы жұмыстардың жатқан тереңдігі және қасиеттері туралы қорытынды жасауға болады.

Профессор А.Г. Калашников дала жағдайында тау жұмыстарының магниттік қасиеттерін өте тез зерттеуге арналған прибор жасады. Профессор Ю.В. Резниченко өзінің қызметке, терімен бірге «сейсмокоп», лаборатория жағдайында модельдерді сейсмикалық толқындардың таралу сыйбатын зерттеудің мүмкіндік беретін қондырғы жасады.

Кәзіргі уақытта, елдің өндіріс күштерін оған әрі өркендету және оның табиғат байлықтарын пайдалану міндеттерін жүзеге асырып жатқан кезде, барлаудың геофизикалық әдістері кендерді барлау практикасында неғұрлым кеңінен қолданылуға тиіс. Жыйнақталған тәжірибе мұның халық шаруашылығына орасан зор пайда келтіріп, миллиондаған сом мемлекет қаржысын үнемдеуге мүмкіндік беретінін көрсетіп отыр.

(СОТА).

Индия кинофильмдері фестивалінің ашылуы

Біздің елімізде сентябрьдің 23-нен 29-на дейін Индия фильмдерінің фестивалі өткізіледі. Совет халқы Индия республикасының талантты кино мастерлері жасаған «Екі битха жер» «Қаңғыбас», «Дауыл деген кинокартиналарды көреді. 23 сентябрьде Москваның Кино Үйінде фестивальдің ашылуына арналған кешке совет кино искусствосының қайраткерлері, қоғам ұйымдарының өкілдері, астана көсіп орындары мен мекемелерінің жұмысшылары және қызметшілері жыйналды. Сол сияқты, Совет Одағына келген Индия кинематография қайраткерлерінің делегациясы және Индия республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиеді елшісі К. П. Ш. Менон қатысты.

Кино Үйінің залы Индия республикасының және ССРО-ның мемлекеттік жалауларымен безендірілді.

ССРО Мәдениет Министрі Александров кешті ашарда, Индия республикасы кинофильмдерінің фестивалі елдің мәдени өміріндегі ірі оқиға болып табылатындығын, ол мәдени байланыстарды нығайтуда және кеңейтуде ірі қадам болатынды-

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ АЛДЫҒЫ ҚАТАРЛЫЛАРЫНЫҢ КЕЗДЕСУІ

24 сентябрьде конференц-залда мал шаруашылығы алдыңғы қатарларының—экскурсанттар мен көрмеге қатысушыларының кездесуі болды. Оған 53 облыстың өкілдер мен республикалардың мыңнан астам колхозшылары, совхоз, МТС қызметкерлері және ғылыми мекемелердің қызметшілері қатысты.

Сөз алып сөйлеушілер өз шаруашылықтарының табыстары және мал басын өсірудің, оның өнімділігін арттырудың жолдары туралы айтты. Олар, берік мал азығы қорын жасау мал шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендету үшін маңызды және бірден-бір жағдай болып саналатындығын атап көрсетті.

В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы Ғылым академиясының толық мүшесі Сталиндік сыйлықтың лауреаты Н. Г. Беленький төлдердің ішкері-қарын ауруларына қарсы күрестің жаңа әдісі туралы айтты. Сол сияқты, ол,

Ағылшын юристерінің делегациясы Алматыда

Сентябрьдің 20-нан 23-не дейін Алматыда ағылшын юристерінің делегациясы қонақта болды. Қонақтар Қазақстан астанасымен танысты. Алматының мемлекеттік заң институтында болды, мұнда олардың институт директоры, заң ғылымдарының кандидаты С. Зыманов қабылдады және олар профессорлармен, оқытушылармен, студенттермен әңгімелесті, «Түркісіб» санаториянда, қала төңірегіндегі «Луч Востока» колхозында болды.

Қазақ ССР Ғылым академиясының конференц-залында делегацияның басшысы демократ-юристердің халықаралық ассоциациясының президенті және Англияның ССРО-мен мәдениет байланысы қоғамының председателі Д. Т. Притгид «Англияның отаршылдық саясатының кейбір сыпаттары» деген лекциясы болды. Лекцияға Алматының ғылыми қызметкерлері, заң қызметкерлерінің өкілдері қатысты.

Қонақтарды Қазақ ССР Юстиция Министрі Қ. Сұлтанов қабылдады. Шелелдермен мәдени байланыс жасау қоғамының Қазақстандағы басқармасының председателі Д. Сидяков қонақтардың кездесуіне

БҮГІН—ТАНКШІЛЕР КҮНІ.
ОТАНЫМЫЗДЫҢ БЕЙБІТШІЛІК КҮЗЕТІНДЕ ТҮР-
ҒАН СОВЕТ ТАНКШІЛЕРІНІҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

Жастар арасындағы саяси-тәрбие жұмысы жақсартылсын

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдарының қаулылары тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен елімізде астық молшылығын жасау, сөйтіп, жеңіл, тамақ өнеркәсіптерін шикізатпен мол қамтамасыз ету міндеттерін қойды. Партияның шақыруына бірінші болып үн қосып, жаңа жерлерді игеруге алғаш рет аттанған комсомолер мен жастар болды. Текқана облысымыздың тың жерлерін игеру үшін Москвадан, Ленин қаласынан еліміздің басқа ірі қалалары мен өнеркәсіп орындарынан, туысқан республикалардан 10 мыңдай комсомол-жастар келді.

Облысымызға жаңа жерлерді игеруге байланысты мыңдаған комсомолердің келуі облыс комсомолерлерінің санын әдеуір көбейте түсті. Кәзіргі негізгі міндет комсомол жұмысының негізгі буыны болып табылатын—саяси-тәрбие жұмысын кеңінен өрістетіп, жастарды жаңа еңбек табыстарына жұмылдыруда болып отыр. Комсомолерлерді және одақта жоқ жастарды шаруашылық жұмыстарына белсене қатыстыру, сөйтіп, олардың еңбекте жаңа табыстарға жетуін қамтамасыз ету тікелей саяси жұмысты кеңінен өрістетуге байланысты екенін тәжірибе көрсетіп келеді.

Комсомол ұйымдары комсомол жастар арасындағы саяси-бұқаралық жұмысты мейлінше жақсартуға тиіс. Ол үшін саяси жұмысты ең алдымен жұмыстың тағдыры шешілетін жерлерде—қырмандарда, дала қостары мен трактор бригадаларында жүргізу қажет. Саяси жұмыс жалаң болмай, күнделікті шаруашылық міндеттермен ұштастырыла жүргізілген уақытта ғана оның нәтижелі болатынын естен шығармау керек.

Мұнымен бірге, комсомол ұйымдары партиямыздың қаулақарарларын кеңінен насихаттап, оны әрбір комсомолердің, одақта жоқ әрбір жастың санасына жеткізіліп отыруы керек. Міне, сонда ғана, олардың еңбекке белсенділігін арттырып, партия алға қойған міндеттерді аброймен орындауды үлгілі ұйымдастыруға болады.

Партия, комсомол ұйымдары жастарды коммунистік рухта, Отанға шексіз берілгендік рухында, табандылық пен төзімділікке, еңбек сүйіштілікке тәрбиелеуі қажет. Сөйтіп, жастардың алдыңғы қатарлы авангарды—Ленин комсомолы мүшелерінің еңбекте де, оқуда да одақта жоқ жастарға үлгі-өнеге көрсетуіне жетісу—жергілікті партия, комсомол ұйымдарының күнбе-күн бәлетін мәселесі болып табылады.

Жас ұрпақтарға коммунистік тәрбие беруде біздің мектептеріміз зор роль атқарады. Сондықтан мектеп партия, комсомол ұйымдары жастардың жат әдеттерінен әуестенуіне жол бермей, олардың арасындағы саяси-тәрбие жұмысын идеялық жоғары дәрежеде жүргізуге міндетті.

Коммунистік партия мен Совет Үкіметінің күнбе-күнгі қамқорлығы арқасында халқымыздың әл-ауқаты мен мәдени дәрежесі күң санап артып келеді. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдарының қаулылары совет халқының күн санап өсіп отырған өскелең тілегін қамтамасыз етуге, олардың материалдық және мәдени дәрежесін жақсартуға беруге барытталған. Мұның барлығы комсомолерлер мен жастарға өтеге түсіңдірілуі керек.

Рас, совет өкметі жылдарында еліміздің экономикасы мен

баға жетпес қызмет атқарды. Совет танкішілері барлық сұрапай айқастар мен операцияларда соғыс шеберлігінің асқан үлгісін және жаншай ерлік көрсетті. Олар қорғанғы ұрыстарына жан-сала қатысты, ал, қарсы шабуылға шыққанда жауды өкшелей тықсырып, әлсіретті және қанысыратты. Танк және механикаландырылған әскерлеріміз Москва түбінде болған ұрыстарда— Калинин, Волоколам, Можайск, Орел-Тула бағыттарында, ерекше көзге түсті.

Соғыстың алғашқы кезеңінде гитлершіл армияның танк және авиация жөнінде басым болғандығы мәлім. Бірақ, гитлершілердің бұл басымдылығы өткішті ғана жағдай еді.

Біздің советтік тылымның еңбекшілері Совет Армиясы үшін танк өндіруді шұғыл күшейтті, сөйтіп, Коммунистік партияның шақыруына іспен жауап бере отырып, майданда жаудың танк және авиация жөнінен басым болуына жою жолына зор үлес қосты. Сонымен, Совет Одағының уақытша оккупацияланған облыстарынан Шығысқа орналастырылған танк өнеркәсібі 1942 жылдың декабрінің өзінде танк өндіруді соғысқа дейінгі мөлшерден екі есе арттырды. Соғыстың соңғы үш жылы бойына танк өнеркәсібіміз жыл сайын орта есеппен алғанда 30 мыңнан астам танк және басқа да соғыс машиналарын өндіріп тұрды. Мұнымен бірге, советтік танктердің конструкциялары жетілдірілді.

Мұның арқасында Жоғарғы Бас Командование ірі-ірі танк және механикаландырылған әскери құрамалар құрды, сөйтіп, оларды жаудың топтасқан ірі күштерін талқандау ұрыстарына шеберлікпен пайдалана білді. Сталинград шайқасы мұндай құрамдардың күшін біріктіріп, ұрысқа пайдаланудың тамаша үлгісі. Жаудың 330 мыңдық топтасқан күшін талқандау ісінде танкішілеріміз даңққа даңқ қосты. Курск түбінде және Белград-Харьков бағытында болған шайқастарда Совет Армиясы тарихына жаңа беттер қосты.

Совет Армиясының 1944 жылы жауға құйрете соққы беруді жүзеге асырудың операцияларында бронетанк және механикаландырылған әскерлер өздерінің асқан шеберліктерін тағы да көрсетті. Біздің танк және механикаландырылған әскерлеріміз Совет Армиясының Шығыс Пруссиядағы шабуылдарына және Берлин түбіндегі ұрыстарына белсене қатысты. Совет Армиясының соңғы, шешуші—Берлин үшін болған шайқасында 6.300 танкішіміз ерекше роль атқарды.

Совет танкішілерінің Ұлы Отан соғысындағы жауынгерлік жолы империалистік Жапонияның Квантун армиясын талқандауға қатысумен аяқталды.

Совет халқы, Коммунистік партия, Совет Үкметі совет танкішілерінің қаһармандық ерлігін және таңқ жасаушыларымыздың қажырлы еңбегін жоғары бағалады. Бронетанк және механикаландырылған әскерлердің 1.142 жауынгеріне Совет Одағының Батыры атағы берілген. 16 танкіші бұл жоғары атаққа екі рет ие болған, ал, 9.000 танкіші ордендер және медальдармен наградалды.

Біздің бронетанк және механикаландырылған әскерлеріміздің мұндай ірі тарихи табыстарға жетуі—совет халқының үздіксіз қолдау жасауының, партия мен үкметтің дана басшылығының нәтижесі.

Соғыстан кейінгі жылдарда Совет Одағы коммунистік құрылысты кеңінен өрістеті отырып, елімізді белсенділікпен қорғауға, совет Қарулы Күштерін күшейтуге ерекше көңіл бөлін келеді. Осының нәтижесінде Совет Армиясы отандық жаңа техникамен жабдықталған.

Совет танкішілері бейбіт үйрену күндерінде бай жауынгерлік тәжірибені пайдалана отырып, өздерінің жауынгерлік және саяси даярлықтарын жетілдіре түсуде, шеберліктерін арттыруда.

Өзінің Отанына, Коммунистік партияға және Совет Үкметіне шексіз берілген совет танкішілері Совет Армиясының жауынгерлік қуатын нығайта беру жолындағы өздерінің құрметті міндетін абыроймен орындайды, сөйтіп, бүкіл дүние жүзінде баиянды бейбітшілікті қамтамасыз ету ісіне келелі үлес қосады.

Даңқты совет танкішілері жасасын!

Ұлы совет халқы жасасын!

Біздің барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы—Совет Одағының Коммунистік партиясының даңқы арта берсін!

Ғып, Индия және Совет Одағы халықтары арасындағы шын жүректілік және айқын достықтың белгілерінің бірі болып табылатындығын айтты.

Индиялық қонақтарды совет кинематографиясы қызметкерлерінің және Москва зригельдерінің атынан СССР халық артисі Б. П. Чирков құттықтады. Астана еңбекшілері атынан Москва Советі председателінің орынбасары З. В. Митронова Индиядан келген қонақтарға арнап сөз сөйледі.

Индия кинематографиясы қайраткерлері делегациясының басшысы К. А. Аббастың сөзін жыйналғандар қол шалалақтаумен қарсы алды, ал совет және Индия халықтары арасындағы достық туралы әсерлі сөз сөйлеп, жылы жүзбен қарсы алғаны үшін совет халқына алғыс айтты.

Кеште көркем суретті «Екі битха жер» деген жаңа фильм көрсетілді.

(СОТА).

266 МЫҢ ГЕКТАР ТЫҢ ЖЫРТЫЛДЫ

ОПСК, (Чкалов облысы), 24 сентябрь. (СОТА). Облыстың шығыс аудандары совхоздарының еш уақытта шұғыл тимеген жерлері көп. Үстіміздегі жылы олар 266 мың гектар тың жыртылды белгіледі. Совхоздардың механизаторлары кеше өздерінің міндеттемесін орындап шықты.

Қарқынды кезітпей, совхоздар жер қыртысын зерттеушілер анықтаған жаңа әсерлерді жыртып жатыр.

мен қойлардың қысыр қалу процентін елуіре кемітуге мүмкіндік беретін ертінді туралы хабарлады.

Кеңесте, сол сыяқты, Житомир облысы, Бірінші гвардиялық Армия атындағы колхоздың аға шопаны Б. К. Вишневский, Латвия ССР, Цесисек ауданы, «Сарканайс октобрис» колхозының шопқа өсірушісі, СССР Жоғарғы Советінің депутаты М. Т. Фридрих—сон. Ставрополь өлкесінің Терек жылқы заводының бригадирі А. П. Гордиевский және басқалары сөз сөйледі. Өз тәжірибелерін ортаға салып, олар, өздері көрмеде көрген, білген барлық жаңалықтарды өндіріске енгізетіндігін айтты.

(СОТА).

ЛЕНИНГРАД ОБЛЫСЫНЫҢ КОЛХОЗДАРЫ АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАДЫ

Ленинград облысының колхоздары астық дайындау жоспары мерзімінен бұрын орындады. Бидай дайындау жөніндегі жоспар 182 процент орындады. МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу есебіне астық әлі тапсырылып жатыр. Облыстың колхоздары мен совхоздары 1955 жылы барлық ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу мақсатымен күздік егуді ойлағандай өткізді, өздерін дәнді дақылдардың, картоптың және көпжылдық шөптердің тұқымымен қамтамасыз етуде.

кабылдау жасады. Кабылдауға ғалымдар-күрестер, адвокаттар, сот органдарының қызметкерлері қатысты. Қонақтарға концерт берілді. Кабылдау жылы шыраймен достық жағдайда өтті.

23 сентябрьде ағылшын юристерінің делегациясы Москваға ұшып кетті.

(СОТА).


БОЛГАР АРТИСТЕРІНІҢ МОСКВАДАҒЫ ҚОРЫТЫНДЫ КОНЦЕРТІ

24 сентябрьде Москваның П. П. Чайковский атындағы Мемлекеттік консерваториясының Кіші залында СССР Мәдениет министрлігінің шақыруы бойынша Совет Одағында қонақта болған Болгар Халық Республикасы артистерінің қорытынды концерті болды.

Табыспен өткен бұл концертте Димитриевић сыйлықтың лауреаттары әншілер Надя Ацеян, Илья Йосифов және скрипкашы Недялка Симионова, София радиосының солистері—халық әншісі Иовчо Кара-Иванов, халық музыка аспаптарында орындаушы Цвятко Благоев қатысты. Болгар пианисткасы Елена Миндиева Фортенианода ойнады.

Болгар артистері Совет Одағында үш аптаға жуық қонақ болуда. Бұл мерзім ішінде Москвадан басқа, олар Ереванның және Тбилисидің концерт залдарында табыспен концерт берді.

(СОТА).



МОСКВА. Бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесінде. Көрмеге қатысушы Сумск облысы, Лебединск ауданының Ленин атындағы колхозының сауыншысы Д. Д. Забуга Қазақ ССР-інен келген экскурсанттарға Лебедин тұқымына жататын «Гулька» атты сыйырды көрсетіп тұр.

(СОТА-ның фотохроникасы).

адамдарымыздың идеологиялық өмірі мен санасында да үлкен өзгерістер болды. Совет адамдары адамның басын ұлайтын діни соқыр сенімдерден арылып, өз Отанының көркемі үшін оның қорғаныпназдық қабілетін нығайту үшін, өзі үшін еселеген жігермен еңбек етуде. Адамдарымыздың жоғары сапалылығы мен қажырлы еңбегін дәлелдейтін мысалдарды біздің облысымыздың өзінен-ақ көптеп келтіруге болады.

Бірақ, бұдан біздің социалистік Отанымызда адам санасындағы ескі діни соқыр сенімдер мен әдет-ғұрыптар мүлдем жойылды деген қорытынды шықпайды. Біздің ортамызда әлі де болса, буржуазиялық қоғамның зиянды қалдықтардың бірі—діни соқыр сенім, ескі әдет-ғұрыптар өмір сүріп келеді. Бұл жағдай біздің комсомол-жастардың арасында да кездеседі.

Ұлы Ленин діни соқыр сенімдердің зиянды, жаны сірі келетінін, еңбекшілерді бұл соқыр сенімнен арылту үшін ұзақ уақыт қайта тәрбиелеу керек екенін, олар өздерінің ұсақ буржуазиялық соқыр сенімінен бірден арымайтынын, ұсақ буржуазиялық жаншай ықпалға қарсы ұзақ және жаншай күрес жүргізу керектігін атап көрсеткен еді.

Коммунистік партия адам санасындағы ескі қалдықтардың өзінен, өзі жойылмайтынын атап көрсетіп, онымен үнемі бітпес күрес жүргізіп келеді. Сондықтан комсомол ұйымдары да капитализмнің адам санасындағы қалдықтарына, ескі әдет-ғұрыптар мен ымырашылдыққа қарсы күресті кеңінен өрістетуге керек. Ол үшін, ең алдымен, комсомол-жастар арасында жаратылыстану ғылымын кеңінен насихаттау қажет. Сол сыяқты, жастар арасында дүниенің шығуы, жер үстінде өмірдің пайда болуы жөнінде лекциялар оқу, баяндамалар жасау және әңгімелер өткізуді ұйымдастыру комсомол жұмысының ең негізгі буынының бірі болуға тиіс. Адам санасындағы капитализмнің қалдықтарына қарсы күресті белсене өрістетуге—әрбір комсомолецтің, әрбір жастың абыройлы борышы.

Маскүнөмдікке салыну—капитализм қалдықтарының бір түрі. Ишімдікке салыну адамды аздырады, оның денсаулығына, моральне және мемлекетке үлкен зиян келтіреді. Мас болған адам жұмысқа үнемі кешігіп келеді, оны ықпалсыз істейді, өмірде азғындыққа салынады.

Біздің комсомол-жастарымыздың арасында маскүнөмдікке салыну, тұрмыста азу сыяқты бірен-саран фактілер кездеседі. Мәселен, Ворошилов атындағы МТС-тің тракторшы-комсомолеці Федор Ноников маскүнөмдікке салынып, тұрмыста азғын-данған. Сол сыяқты, Торангул МТС-нің механизатор-комсомолецтері Алексей Хальцев, Владимир Милов отряд басында мас болып, жанжал шығарған. Сөйтіп, қоғамдық шаруашылық жұмыстарына нұқсан келтірген. Бұл сыяқты сорақы фактілерге аталған МТС-тердің комсомол ұйымдары назар да аудармаған.

Октябрь ауданының кейбір бастауыш комсомол ұйымдарындағы мұндай төзгісіз фактілердің орын тебу себебі неде? Біздіңше, оның себебі ҚЛКЖО Октябрь аудандық комитеті, оның секретарьлары Мальш, Ковтюх жолдастар комсомол-жастар арасында буржуазиялық қоғамның адам санасындағы қалдықтарына қарсы күрес жүргізуге, ғылыми-атеистік насихатты кеңінен өрістетуге жете көңіл бөлмейді. Бұған күні осы уақытқа дейін ауданның колхоз, совхоздарының және МТС-терінің комсомол-жастары арасындағы ағым-атеистік тақырыптарда лекциялардың оқылмауы дәлел.

Ескі соқыр сенімдер, көбінесе, комсомол ұйымдары саяси-тәрбие жұмыстарын нашар жүргізіп, жастардың мәдениетті дем алуы үшін қолайлы жағдай туғызабаған жерде кездеседі. Сондықтан комсомол ұйымдары жастарды көркемөнер үйірмелеріне, физкультура мен спортқа және басқа үйірмелерге тартып, олардың санасына ескі діни соқыр сенімдер мен әдет-ғұрыптардың ұялауына қарсы күрес жүргізе білуі тиіс.

Бұл сайын алға өрлеп, үздіксіз дамып келе жатқан коммунистік құрылыстың мүддесі совет жастарын бұдан былай да жоғары саналылық, еңбексүйгіштік, кездескен қыйыншылықтардан тайынбай, оны батыл және білу, өз Отанына шексіз берілгендік рухында тәрбиелеуді талап етеді. Сондықтан партия, комсомол ұйымдары комсомол-жастарды осы талаптар дәрежесінде тәрбиелеу үшін олардың арасындағы саяси-тәрбие жұмыстарын күшейте отырып, комсомолдердің өндірісте жаңа инициативалар көрсетіп, авангардтық роль атқаруына жетісулері қажет.

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Әңгімені қалай әзірлеп, өткізу керек

Айбынды, өткір, әсерлі үгіт коммунизм идеясы салтанат егу жолындағы күреске еңбекшілер бұқарасын ұйымдастыруда Коммунистік партияға ерқашан көмектесіп келеді. Саяси үгіт Коммунистік партияның еңбекшілер бұқарасымен байланысын нығайтуда маңызды құрал болып табылады.

Ауызша үгіттің баяндама, жыйналыстар мен митингілерде сөз сөйлеу, топтық және жеке әңгімелер өткізу, коллектив болып газет оқу сияқты алуан түрлері бар. Бұқаралық-саяси жұмыстың басқа түрлері сияқты әңгімеге де зор талап қойылады. Ол жоғары идеялы, мақсатты, коллективтің өмірімен және оның алдында тұрған міндеттермен тығыз байланысты болуға тиіс.

Біздің үгітіміздің күші—сөздікпен оның жоғары идеялылығында. Саяси үгіт әрбір совет адамның коммунистік қоғам орнатудың белсенді күрескері болуы үшін еңбекшілер бұқарасына партия мен үкіметтің қарарларын түсіндіреді. Үгітшілердің борышы—совет адамдарын патриотизм рухында тәрбиелеу, өз халқы үшін, өз Отаны үшін ұлттық мақтаныш сезімін арттыра беру.

Әңгіменің тақырыбы белгіленгеннен кейін үгітші қажетті әдебиеттерді оқып, оған маңызды мәселелерді жазып алумен бірге, фактілер мен цифрларды және көрнекті материалдарды іріктеп алуы керек. Сонымен қатар, үгіт коллективінің жетекшісімен, коммунистермен әңгімелесіп, көзекті әңгімеге қолхоздың, совхоздың, МТС-тің, көсіпоршының өмірінен қандай мысалдарды пайдалану жөнінде пікір алысу қажет.

Үгітшінің жұмысындағы жауапты және маңызды кезең әңгіменің жоспарын жасау болып табылады. Дұрыс жасалған жоспар әңгімені өткізуді жеңілдетіп, оны әсерлі және нақтылы етеді.

Егер үгітші коллективтің өмірінен қызықты және түсінікті фактілерді іріктеп алып, ұсынылған материалды жеке үйреніп, негізгі мақсат пен қорытындыны ойлап алса, әңгіменің жоспарын жасау сенімділікті қиындатпай түсінеді. Жоспардың түрлі бөлімдері түсінікті тұжырымдалып, онда баяндалатын пікірлер күнбұрын анықталуға тиіс.

Әңгіменің жоспарын жасағанда үгітші өз баяндайтын мәселелерді ғана емес, сол сияқты, ол мәселелерді қалай қызықты түсіндірудің жолдарын ойластыру қажет. Көп реттерде әңгіменің жоспарында тек тақырыптың тарауларының тізбектері ғана көрсетіліп, оның мазмұны, қалай баяндаудың жолдары анықталмайды. Мұның өзі үгітшінің күнбұрын әңгіме өткізу үшін қандай әдістерді қолданатыны жөнінде ойланбағанын дәлелдейді.

Облысымызда саяси үгітті мазмұнды ұйымдастырып жүрген үгітшілер көптеп саналады. Петропавл ауданы, Пушкин атындағы қолхоздың үгітшісі Жолдана жолдас өзінің жалынғы сөзімен және өн-

ның секретарымен сөйлесіп, пікір алды. Механизатор Пашковтың жұмысты сапасыз атқарғаны анықталды. Бұл жөнінде үгітші механизаторлармен арнаулы әңгіме өткізді. Пашков өзінің кінәсін мойындап, соңғы кезде жұмыстың сапасын анағұрлым жақсартты.

Қолхоз радиоторабында жұмыс істейтін комсомолец Лопатин жолдас та таңдаулы үгітшілердің бірінен саналады. Ол мал азығын дайындау жөнінде әңгімеге әзірленгенде СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысын тағы бір рет байыптылықпен оқып, оның мазмұнын жазып алды. Қолхоз председатели Мойсеев және партия ұйымының секретары Сазонов жолдасар үгітшіге шөп шабу шауқанының барысы жөнінде хабарлады. Осыдан кейін үгітші қолхоздағы қоғамдық мал шаруашылығын жайымен, мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерінің тап сырлы жөніндегі мәліметтермен танысты.

Үгітші материалдарды жыйнап алғаннан кейін, оны қорытып, бір жүйеге келтірді. Сөйтіп, әңгіме өткізуге кірісті. Ол әңгімені СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысының мал азығын дайындау жөнінде қойған міндеттерін тыңдаушылардың өсіне түсіруден бастап, қолхоздың қоғамдық мал шаруашылығын өркендету және мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жөніндегі мәліметтерді хабарлады. Егер жыл аяғына дейін мемлекетке 80 мың литр сүт тапсырылса қолхоз тағы да бір автомашина сатып алатынын айтты үгітші.

Үгітшіден кейін қолхозшылар Денисов, Хренов және басқалары сөз сөйлеп, мал азығын дайындау жұмысының жайын жақсарту жөнінде бағалы ұсыныстар жасады.

Әңгіменің тыңдаушыларға әсерлі болуын осыдан айқын көруге болады. Әңгімеге тыңдаушылар неғұрлым белсене қатысса, ол іске сенімділікті пайдалы болады. Кейбір үгітшілер әңгіме өткізгенде үнемі өз сөйлеп, талқылап отырған мәселе жөнінде тыңдаушылардың пікір алысуын елемейді. Әңгімеге қатысып отырғандар тек үгітшіні ғана тыңдап, өздері сөйлемеген сөз жазығады. Мұндай әңгіме өзінің сыпатынан айрылып, лекция мен баяндамаға айналады. Бұл—әңгіме өткізудің жарамсыз әдісі. Әңгімеге қатысушылардың сөзі үгітші айтқан мәселелер жөнінде қосымша фактілер беріп, дұрыс қорытынды жасауға көмектеседі.

Полудень ауданы, Киров атындағы қолхоздың үгітшісі Романенко, Ново-Георгиев МТС-нің № 1 трактор бригадасындағы үгітші Залкина жолдасар әңгіме өткізудің бай тәжірибелеріне ие болды. Бұл үгітшілер өздерінің әңгімелеріне күнбұрын дайындалып, мақсатты материалдарды кезінде іріктеп алады. Өндірістік мәселелерді терең зерттеп, газет, журналдардан және көркем әдебиеттен еліміздің өміріне бол-

делерден бастап, содан кейін жалпы жағдаймен байланыстыратын әдіс те бар.

Бұл әдістердің қайсысын қолдану керек, ол тақырыптың мазмұнына, тыңдаушылардың құрамына байланысты. Алайда, айта кету қажет, соңғы әдіс—жеке міндеттерден бастап, оны жалпы жағдаймен байланыстыру әдісі теориялық мәселелерде дәлділігі кем тыңдаушылар үшін қолайлы болады.

Үгітші Соколова жолдас (Петропавл қаласы) әңгіме өткізгенде тыңдаушылардың ықыласына сезімталдықпен қарау керек, дейді. Тыңдаушылардың жүздерінен, өзара сөздерінен олардың әңгімеге қалай қатысып отырғанын сезуге болады. Үгітшінің бұл сөзі орынды. Үгітші адамның психологиясын жақсы білуі керек.

Үгітшінің адал, сыншыл болуы—істің табысты болуының басты шарты. Жақсы үгітші тыңдаушыларға өзінің сөзімен ғана емес, сонымен қатар, ерекше қасиетімен де, адалдығымен де, шындығымен де әсер етеді.

Әңгімені өткізіп отырғанда тыңдаушылар үгітшіге тақырыпқа байланысы жоқ сұрақтар қоюы мүмкін. Кейбір жолдасар мұндай сұрақтарға жауап бермеуді мақсат көреді. Ал, екінші бір үгітшілер дұрыс жауап бермейді. Мұның екеуі де дұрыс емес. Мұндай жағдайда үгітшілер жауап беруді қиынығына, бұл жөнінде тыңдаушыларға келесі әңгімеде толық жауап беретінін айту қажет.

Жас үгітшілер әңгімеде шет тілдерді жиі қолданады. Мұның өзі әңгіменің түсінікті болуына нұқсан келтіріп, тыңдаушылардың ынталылығын кемітеді. Соңдықтан шет тілдерді жиі қолданудың қажеті жоқ. Егер мұндай сөздер бірі-жарым кездесе, оның мазмұнын толық түсіндіру керек.

Топтық әңгімелер өткізгенде географиялық карта, плакат, диаграмма, қабырға газеті сияқты көрнекті үгітті пайдаланудың зор маңызы бар. Мәселен, Петропавл станциясының үгітшілері СОКП Орталық Комитеті Пленумының «Елімізде астық өндірісін ұлғайту туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулысы жарияланғаннан кейін, бұл маңызды документті насихаттауды кеңінен ұйымдастырудың жолдарын ойластырды. Көпшілік омындары транспоранттармен, ұрандармен, плакаттармен жабықтықталды. Оларда облыста игерілетін тың және тыңайған жерлердің мөлшері, ол жерлерден алынатын астықтың мөлшері туралы айтылды. Мұнда үгітшілер өздерінің әңгімелерінде диаграммалар мен плакаттарды орынды пайдаланады. Мәселен, станцияның жүздеген үгітшілері өздерінің әңгімелерінде «СОКП XIX съезі қойған міндеттерді ойдағыдай орындайық», «Бесінші бесжылдық жоспар еліміздің коммунизмге қарай өркендеуі жолындағы ірі қадам» деген плакаттарды пайдаланып жүр.

Әңгіме—саяси үгіттің ең көп тараған түрі. Әңгіме өткізудің әдістерін жете бі-



26
СЕНТЯБРЬ
ТАНКШІЛЕР
КҮНІ

Ұлы Отанымыздың даңқты ұлдары— Совет танкшілері жасасын!

Суретші Е. Малолетковтың салған плакаты.

Совет Одағының бронетанк және механикаландырылған әскерлері

☆
Е. ФОМИНЫХ.
Танк әскерлерінің генерал-лейтенанты,
Совет Одағының Батыры

Бүгін біздің Отанымызда танкшілер күнін атап өтуде. Совет армиясы әскерлерінің барлық түрлерінің ішінде бронетанк және механикаландырылған әскерлер ең жасы. Біздің елімізде танк жасау азамат соғысы мен шетел интервенциясы жылдарында басталды, әскерлердің бұл жаңа түрі сол кезде туды, ол кезде Коммунистік партияның шақыруы бойынша жас Совет Республикасының еңбекшілері Ұлы Октябрьдің жеңістерін қорғауға тегіс аттанған еді. 1919 жылы «Красное Сормово» заводының жұмысшылары тұңғыш совет танктерін жасауға кірісті, бұл танктер 1920 жылдың өзінде-ақ ұрыстарға қатынасты.

Ұлы Отан соғысынан көп бұрын ССРО-да дербес түрде де, әскердің басқа түрлерімен бірігіп те, жауынгерлік міндеттерді орындай алатын танк және механикаландырылған құрамалар құрылды. Коммунистік партия танктердің санын көбейтуде ғана емес, танктер өздерінің ұрыс сапасы жағынан дүние жүзіндегі ең жақсы танктер болуына да үнемі қамқорлық істеп отырды. Советтің танк жасаушылары негізгі ұрыс қасиеттерін: асқан шапшаңдық пен маневршілдікті, қуатты қару-жарақ пен оқ өтпес қорғанысты үйлестіріп ұштастыраған машиналар жасады.

☆
мен, теңізшілермен өзара бірлесіп қыймыл жасап, жауды қалқыратып отырды, оның адам күші мен техникасын жойып отырды. Олар Москва түбіндегі жеңімпаздық шайқаста фашист оккупанттарға қарсы күресу тарихына айқын бір бет қосты, бұл арада тұңғыш гвардиялық танк бөлімдері туды.

Ұрыс машиналары шығарылуының артуы Совет Армиясының қысқа мерзім ішінде жеткілікті мөлшерде жаңа ірі бронетанк және механикаландырылған құрамалар құруына мүмкіндік берді. 1942 жылдың аяғында Сталинград шайқасында бронетанк және механикаландырылған құрамалар титлершілдердің 330 мыңдық тобын қоршап алып, жойып жіберуге есеп етілген түйекті соққы беру үшін негізгі құрал ретінде пайдаланылды.

1943 жылдың жазында тарихта болып көрмеген танк ұрыстары болған Курск түбіндегі шайқастарда совет танкшілері мәңгі өшпес батырлық істер істеді. Біздің танк құрамаларымыз әскердің басқа түрлерімен өзара бірлесіп қыймылдай отырып, жауды қалқыратып, ал одан кейін

алды, көп басшы қызметкерлер мен конструкторларға Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Быйылғы жылы совет адамдары Танкшілер күнін зор саяси және еңбек белсенділігі жағдайында, коммунистік қоғам орнату жолындағы күресте жаңа жеңістерге жету жағдайында қарсы алып отыр.

Біздің Отанымызды өркендетудің соғыстан кейінгі жылдары шаруашылық және мәдениет құрылысының барлық салаларында ірі табыстарға жету жылдары болды, советтік қоғамдық және мемлекеттік құрылысты оған сайын нығайту жылдары болды. Коммунистік партияның сенімді басшылығымен ССРО еңбекшілері соғыстан болған ауыр жаралаттарды қысқа мерзім ішінде емдеп жазып алды, соғыстың зардаптарын жойды және социалистік шаруашылықтың барлық салаларының қанадан мықтап өркендеуінің, халық тұрмысының материалдық әл-ауқаты мен мәдениет дәрежесінің жападан үдіксіз өсуін қамтамасыз етті. Коммунизм жолымен батыл алға басып келе жатқан совет халқымен бірге Қытай Халық Республикасының, барлық халықтық демократия елдерінің еңбекшілері жаңа тұрмыс орнатуда ірі табыстарға жетіп отыр.

Тігілді бейбіт еңбекпен шұғылдануы

өздері үлгімен де колхозшылар мен механизаторларды егін жыйнау мен мемлекетке астық тасыруда қысқа мерзімде өткізу жолындағы күреске жұмылдыруда.

Үгітші еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі әріптесімен өзара әрекеттесумен және колхоз партия ұйымы-

мен жаңалықтарды жазып алады. Мұның бәрі үгітшінің жұмысына жақсы әсер етеді. Әңгімеге әзірленудің және оны құрудың түрлі әдістері бар. Кейбір үгітшілер әңгімені жалпы сөздейді түсіндіруден бастап, осыдан кейін нақтылы міндеттерге тоқталады. Әңгімені жеке, нақтылы мәс-

елі ұйымдастыру арқылы олардың борышы болып табылады.

Үгітші болу — құрметті және жауапты міндет. Бұл міндетті аброймен орындау үшін үгітші өзінің білімін, методикалық шеберлігін үнемі арттырып отыруға тиіс.

К. НҰҒЫМАНОВ.

Жыйналысты бұлай өткізуге болмайды

Жақында Сталин атындағы колхоздың бастауыш партия ұйымында ашық жыйналысты болды. Ашық партия жыйналысы партияда жоқ активтерге партиялық гегірдей берік тәртіптің, ұйымшылдықтың, принципті, сын мен өзара сынды өрістетудің үлгілерін көрсетуге тиіс еді. Алайда, бұл партия ұйымының ашық жыйналысы мұндай үмітті ақтамады.

Еңалдымен жыйналыс ұйымдағы бір-қатар коммунистердің партиялық тәртіпті қатаң сақтамайтынын байқатты. Оның есебінде тұратын 22 коммунистер 7 адам жыйналысқа қатыспады. Ал, басқалары белгіленген уақыттан екі сағат бөкс келді. Бастауыш партия ұйымының секретары Меңдібаев жолдастың коммунистерден партиялық тәртіпті қатаң сақтауды талап етпейтіні, оның жыйналысқа келмей қалған коммунистерді «себептері бар» деп бүркемелеуінен айқын көрінді.

Ал, шындығында жыйналысқа келмеген Мбраев бөгде бір себепті бетке ұстап,

Булаево поселкесіне қидырып кеткен. Сол сыяқты, коммунистер Орыңбасаров, Сарғызов жолдастар жыйналысқа қатысудан төрі үйлерінде тыныш ұйықтауды артық көрген болып шықты. Сөйтіп, жыйналыстың басталуы ұзаққа созылды.

Бір кезде Меңдібаев жолдас «Барымен базарлайық, жыйналысты ашайық» деп жыйналған жұртқа қарады. Ол күн тәртібіндегі мәселе бойынша баяндама жасауға да дайындалмапты. Осы себептен жыйналыста егін жыйнау, мемлекетке астық тасыру жұмыстарының барысы туралы Булаев МТС-і партия ұйымының секретары Клейников жолдас баяндама жасауға мәжбүр болды. Ол өзінің сөзінде жалпылама сөзбен, мәліметтердің тізбегінен басқа ештеңе айта алмады. Сондықтан баяндама коммунистерді қанағаттандырмады.

Колхозда егін жыйнау және мемлекетке астық тасыру жұмыстарының қарқыны бауу болуының басты бір себебі—

колхозшылар мен механизаторлар арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстың дәрежесі төмен болуынан, социалистік жарыстың ойдағыдай ұйымдастырыл-мауынан болып отыр. Алайда, Меңдібаев жолдас өзінің сөзінде егіншілер арасындағы партиялық-саяси жұмыстың жайы туралы жұмған аузын ашпады.

Жыйналыста колхоз председатели коммунист Тілеубаев жолдасының жұмысындағы кемшіліктер жөнінде көп сөз болды. Бірақ, Тілеубаев жолдас та Меңдібаев сыяқты тек екі бригадасының бригадирі Сүйіндіков жолдасы сынаумен ғана қанағаттанып, өзіне айтылған орынды сынға қорытынды жасауды қажет деп танып-нады.

Жыйналыста үстірт баяндама жасалып, төрт-ақ адам сөз сөйледі, жалпылама қаулы алынды. Партия жыйналысын бұлай өткізуге болмайды.

Б. ЖАҚЫПОВ,
Булаев ауданы, (өз тілшіміз).

Петропавл станциясы ауылшаруашылық жүктерін тасуды кешеуілдетіп отыр

Ауыл шаруашылығына арналған техника мен материалдарды жаңа жерлерді игеруші совхоздар мен колхоздарға дерезінде жеткізу — теміржолшылардың абройлы міндеті болып табылады. Бірақ бұл міндетті орындауға Петропавл станциясының басшылары жеткілікті көңіл бөлмеді. Осының салдарынан ауылшаруашылық техникасын арнаулы аудандарға жеткізу үшін қабылдау және жөнелту ісі нашар болып отыр.

Станция басшылары техника мен материалдарды түсіретін алаңдар мен қараңдарды, басқа жабдықтарды даярламаған. Осындай себептен техника тиелген вагондар түсірілмей, станция басында ұзақ уақыт тұрып қалып, вагондардың жұмысшы паркінде орын болмай, маневр жұмыстарының көлемін тарылта беріп отыр. Станция басшыларының МТС-тер мен совхоздарға және колхоздарға келген жүктерді түсіру және жөнелту жұмысына жауапсыздық көрсеткендігінен қомбайндар мен автомашиналар бірнеше күн бойына платформалардан түсірілмей тұрып қалған. Жол бос болмағандықтан Петропавл станциясы арқылы өтетін поездарды қабылдау және жөнелту ісі кешеуілдеп, поездарды жөнелту расписаниясы көптен бері орындалмай келеді. Мұндағы жұмыстың жеткілікті ұйымдастырылмай отырғанына арнадай бір факт келтірейік.

Жаңа совхоздардың жұмысшылары үшін жуырда етіктер тиелген вагон келді. Осы вагонды Петропавл станциясында

ерсіл-қарсылы 10 тәулік бойына сүйрелеуге уақыт тапқан станция басшылары совхоз адамдарына арналған етіктердің келгендігін оны қабылдаушыларға хабарлау үшін уақыт таппаған көрінеді. Ол-ол ма, етіктер тиелген вагонды ерсіл-қарсылы сүйрелей беру аз дегендей оны бір рет Смирнов станциясына апарып, онда да тұрақтата алмай, ақырында Петропавлға қайтадан алып келген.

Сол сыяқты жаңа егіннің астығын тасу жұмысына мінсіз әзірлену керек екенін біле отырып, станция бастығы Винников жолдас астық тиелуге арналған вагондарды әзірлеу және оларды «Заготзерно» пункттеріне жеткізіп беруді мүлдем есінен шығарып жіберген көрінеді. Оған дәлел: вагондарды жуып, тазалау пунктін электр жарығымен жабдықтауды қамтамасыз етпеді, пункттің жұмысшылары үшін қажетті жағдай туғызады, жуылып тазаланатын вагондарды жеткізіп берудің тынақты графигің бақыламаған. Осының нәтижесінде бұл пункт өзіне тасырылған жұмыстарды уақытында атқара алмай отыр. Сондықтан көптеген бос вагондар жуылып және тазалауды күтіп тұрып қалған. Бұл — паровоз бен пункт жұмысшыларының босқа қарап тұруына әкеліп соғып отыр. Жуырда жоғарыда көрсетілген себептердің нәтижесінде вагондарды жуып тазалаушы смена тәулік ішінде небары 7 сағат жұмыс істеп, қалған 17 сағатты тиімді пайдаланбаған.

Станция басшылары астық тиелуге бөлінген вагондардың жұмысына жеткілікті бақылау қоймағандықтан элеваторда астық тиелуші вагондар белгіленген мерзімнен әлде қайда көп тұрып қалады. Мұнда дымқыл астық тиелген көптеген вагондар тізбегі жөнелтуді күтіп, станцияда 4-8 тәулік бойына тұрып қалатын жағдайлар жиі кездеседі.

Станцияның товар мекемесінің жұмысы да қанағаттанғысыз ұйымдастырылған. Мұнда астық документтерін жасауда көптеген бұлыңқар бар. Мәселен, Қарағандыға жөнелтілуге тиісті астық вагондары Свердловқа жөнелтілуге белгіленген.

Астық тасу жұмысымен тікелей байланысты кілтшілер мен вагондарды жуып тазалаушылар арасында социалистік жарыс қағаз жүзінде ғана ұйымдастырылып отыр. Жеке адамдардың алған міндеттемелері жалпылама болғандықтан, кімнің, қашан, не істейтіндігі нақтылы түрде көрсетілмегендіктен алынған міндеттемелердің өзі ешкімді ешнәрсеге міндеттендіре алмайды. Қабырға газеті жарыста алған міндеттемелердің орындалу барысын істің мәніне жете түсініп, толық жаза білмей отыр. Элеватор коллективін социалистік жарысқа шақырған міндеттемелердің орындалуы осы уақытқа дейін тексерілген жоқ.

М. ГРЕЧКОСЕЕВ,
ҚНП қалалық комитетінің өнеркәсіп-транспорт бөлімінің меңгерушісі.

және олардың жауапкершіліктерінің қарында 1938 жыл даңқты кезең болды, бұл кезде совет танкілерінің өрекле жаңа конструкциялары жасалды, бұлар Т-34 орта танкінің, КВ ауыр танкінің, жеңіл және жүзегін танкілердің тамаша үлгілерін жасаудың негізі болды. Мұнымен қабат бронетанк және механикаландырылған әскерлер құрудың ұйымдастыру формалары және оларды ұрыста пайдалану теориясы жасалып жатты.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі бронетанк және механикаландырылған әскерлердің кадрларын зор сүйіспеншілікпен және қамқорлықпен тәрбиелеп келді және тәрбиелеп отыр. Мамандығы жоғары танкіші-командирлер даярлау үшін бронетанк мектептері мен училищелері құрылды. 1932 жылы Совет Армиясының бронетанк және механикаландырылған әскерлерінің И. В. Сталин атындағы Соғыс Академиясы құрылды. Академия және әскери-оқу орындары Социалистік Отанға, Коммунистік партияның ұлы ісіне шексіз берілген танкішілердің тамаша кадрларын даярлап шығарды.

Бұдан тоғыз жылдан астам уақыт бұрын біздің Отанымызға опасыздықпен шабуыл жасаған фашистік агрессорларға қарсы соғыс жеңіспен аяқталды. Коммунистік партияның басшылығымен совет халқы және оның Қарулы Күштері мемлекетіміздің бостандығын, намысын және тәуелсіздігін қорғап қалды, адамзатты және дүниежүзілік мәдениетті фашистік айуандардың құл етуінен және құртып жіберуінен құтқарып қалды. Бұл соғыста Совет Армиясы халықтардың азат етушісі деген дүниежүзілік данса бөленді.

Жанаямас ержүректілік, асқан жауынгерлік шеберлік көрсеткен, өздерінің Отан алдындағы әскерлік борышын аброймен атқарған қаһарман совет танкішілері жауды жеңу ісіне үлкен үлес қосты.

Гитлерлік Германияның Совет Одағына кенет шабуылы жасауы, Ұлы Отан соғысының бастапқы айларында неміс-фашист әскерлердің танк саны жағынан уақытша басым болуына мүмкіндік берді. Ол дәуірде бізде танктер саны бұл ұрыс машиналарын жасау үшін Германияның да, өздері оккупациялаған бірқатар еуропалық елдердің де өнеркәсібін пайдаланған гитлершілдердің танктерінен аз еді. Коммунистік партия совет халқының алдына жаудың танк саны жағынан басымдығын жою міндетін қойды.

Совет халқы бұл маңызды міндетті орындауға аса зор патриоттық ынта-жігермен кірісті. Қала мен деревняның еңбекшілері танк колонналарын жасауға өздерінің жыйнақ қаражатын берді, ал танк жасаушылар танк жасап шығаруды үздіксіз арттырып отырды. Осының нәтижесінде соғыстың екінші жылы басталар қарсаңында жаудың танк жөніндегі басымдығы жойылды. Біздің өнеркәсібіміз соғыстың соңғы үш жылының ішінде жыл сайын орта есеппен 30 мыңнан астам танк, өзі жүретін зеңбіректер мен бронемашиналар жасап шығарып отырды.

Соғыс басталған кезде, ССРО-ның Қарулы Күштері белсене қорғаныс жасап жатқан кезде, совет танкішілері жау әскермен, артиллерияшылармен, ұшқыштар-

батыл қарсы шабуылға шықты, дұшпанды солжак жағалаудағы Украинадан қуды және Советтік Украинаның астанасы— Киевті азат етті.

Бронетанк және механикаландырылған әскерлер 1944 жылғы шабуылда көрнекті роль атқарды, бұл кезде Совет Армиясы фашистерге он дүркін күйреге соққы беріп, елімізді неміс-фашист басқыншылардан толық құтқарды. Бұл ұрыстарда бронетанк және механикаландырылған әскерлер дұшпанға нәрменді және түйдекті соққы берді, дұшпанның ірі топтарының берекесін кетіріп қуып, қоршап алып отырды, дұшпанның резервтерін талқандап отырды және бағысқа қарай шегіну жолдарын кесіп тастап отырды.

Соғыстың аяқталуы кезеңінде бронетанк және механикаландырылған әскер құрамалары бұдан да күшті нәтижелі қыймылдар жасады. 1945 жылы Совет Армиясы Балтикадан Карпатқа дейінгі майданда жауға күштілігі жағынан бұрын-соңды болып көрмеген қатты соққы берді. Осы үлкен шабуылдың басты бағыттарында ірі танк күштері қыймыл жасады. 15—17 күннің ішінде танкішілер Висладан Одерге дейін жүздеген километр жер жүрді, сөйтіп фашистердің жатағы— Берлиннің кіре берістеріне таян барды. Неміс-фашист армиясының түпкілікті талқандалуына жеткізген Берлин ұрысына көптеген басқа ұрыс техникасымен қатар 6.300 совет танкі қатынасты.

Еуропадағы соғыс Чехословакияның астанасы ауданында тізе бүгуден бастарқан жау тобына танк құрамаларының нәрменді соққы беруімен аяқталды. Праганың орталық алаңдарының біріне кәсіргі уақытта ескерткіш қойылған, ол-қалаға бірінші болып басып кірген, туғырға қойылған совет танкі. Бұл ескерткішті Совет Армиясына және өзінің азат етуші тарихи міндетін аброймен атқарған даңқты танкішілерге алғыс айту құрметіне қала халқы орнатты.

Империалистік Жапонияға қарсы соғыста да совет танкішілері мәңгі өшпес даңсқа бөленді. Олар әскердің басқа түрлерімен өзара бірлесіп қыймыл жасай отырып, жапондардың мықты бекіністерін бұзды, жүруге қыйын аудандарды, соның ішінде Хинганның тау жоталарын жеңерді, Квантун армиясына өлтіре соққы берді, сөйтіп Тынық мұхиттың жағалауына шықты.

Бүкіл совет халқының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күресінің рухтандырушысы және ұйымдастырушысы — Коммунистік партияның данышпандық басшылығымен социализм елі Ұлы Отан соғысында бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңіске жетті. Мұның өзі советтік қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың жеңісі болды, дүние жүзіндегі ең алдыңғы қатарлы соғыс ғылымына—жеңу ғылымына жетіліген ССРО Қарулы Күштерінің жеңісі болды.

Отанымыз танкішілер мен танк жасаушылардың сіңірген еңбегін жоғары бағалады. Мыңдаған танкішілер Совет Одағының ордендерімен, медалдарымен наградталды, 1.142 адамға Совет Одағының Батыры атағы берілді. 16 танкіші бұл атақты екі рет алды. 9 мыңнан астам танк жасаушылар жоғары үкмет наградаларын

өзін қажымыз бейбітшілік жолында дөбекті күрес жүргізіп отыр. Коммунистік партия мен Совет үкметі барлық ескермен ынтымақты нығайтуға және іскерлік байланыстар орнатуды көздеп, бейбітшілік сүйгіш сыртқы саясатты үздіксіз жүргізіп келеді. Бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері, бүкіл алдыңғы қатарлы адамзат мақұлдап, қолдап отырған бұл айқын сыртқы саясат ССРО-ның халықаралық жағдайы оған сайын нығаюына, біздің еліміздің беделі өсуіне, бейбітшілікті сақтау және нығайту жөніндегі жеңіліссіз қозғалыстың мықтап өрлеуіне жеткізді.

Бейбітшіліктің, демократияның және социализмнің халықаралық лагері күштерінің үздіксіз өсуі империалистердің адам айтқысыз өшпенділігін тудыруда. Олар демократиялық лагердің, бәрінен бұрын, Совет Одағының өсіп отырған күш-қуатын әлсіретуге тырысады, дүниежүзілік жаңа соғыс әзірлеуде, жанталаса қарулануда, көптеген соғыс базаларын жасауда, өз агенттерінің бұлдіру қызметін күшейтеді. Империалистер социалистік лагердің елдеріне шпиондар, диверсанттар жіберіп, зымынестік істеу үшін буржуазияшыл-үлтшыл азғындарды және басқа азғын-опасыздарды сатып алып, қырғыйқабақ соғыстың авантюристік жолымен келеді.

Коммунистік құрылысты өрістетіп отырып, бейбітшілік сүйгіш сыртқы саясатты жүзеге асыра отырып, Совет Одағы жаңа соғыс өртің тұтаушылардың тімікелерінен өркеттерін қырағы қадағалауда. Партия мен үкмет ССРО-ның белсене қорғануын нығайтуға, Отанымыздың бейбітшілігі мен халықаралық күзетін отырған Совет Қарулы Күштерінің қуатын арттыруға арқашан қамқорлық істеп келді және қамқорлық істеп отыр.

Коммунистік партияның ССРО-ның белсене қорғануын нығайтуға қамқорлығы партияның XIX съезінің тарихи қарарларынан айқын көрінеді. Екінші бесжылдық жоспарды ойдағыдай орындау біздің отанымыздың экономикалық қуатын едәуір арттырады және оның Армиясы мен Флотын ең жаңа, бұрынғыдан да жетілген ұрыс техникасымен, қару-жарақпен, ұрыс жабдықтарымен қамтамасыз ету үшін бұрынғыдан да төрі қолайлы жағдайлар жасайды.

Совет Қарулы Күштерінің алдына коммунизм орнатып жатқан халықтың игілікті еңбегін қорғаудың, социалистік державаның мемлекеттік мүдделерін ешнәрсені қамтамасыз етіп отырудың құрметті және жауапты міндеті қойылып отыр. Әскердің барлық түрлерінің жауынгерлерімен бірге біздің танкішілеріміз өздерінің жауынгерлік шеберлігін қажымай жетілдіруде, өздерінің идеялық-саяси дәрежесін арттыруда, ұйымшылдық пен тәртіптілікті нығайтуда.

Біздің Отанымыздың соғыс қуатын нығайту — бейбітшілік ісіне қосылатын зор үлес екендігін бронетанк және механикаландырылған әскерлердің адам құрамы жақсы біледі. Танкішілердің Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының барлық жауынгерлерімен бірге бұдан былай да бейбітшілікті аброймен күзететіндігіне және социализм елінің мемлекеттік мүдделерін қорғайтындығына ССРО еңбекшілері берік сенеді.

Картоп пен овощь молшылығын жасайық!

★ Картоп пен овощь жыйнау ★ тездемісін

Партиямыз бен үкметіміз картоп пен овощь өндірісін ұлғайту ісіне ерекше назар аударып, бұл дақылдардың көлемін ұлғайту, өнімді арттыру жөнінде ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдына ерсаң зор міндет қойды. Бұл міндеттің өміссіз жүзеге асырылуы халқымыздың картоп пен овощьқа деген қажетін толық қанағаттандырады.

Облыс колхоздары сентябрь. Пленумының тарихи қаулысын басшылыққа ала отырып, быйыл бұл дақылдардың көлемін өткен жылғыдан жүздеген гектар ұлғайтты. Картоп отырғызу көп жерлерде шаршы-ұялы әдіспен жүргізілді. Облыс колхоздарындағы барлық егілген картоптың 85 проценті осы әдіс бойынша отырғызылды. Мұның өзі картоп, овощь өзінің арттыру жолында ішкі қалам басқаңдық болып саналады.

Быйыл картоп, овощь егуде прогрессивтік әдісті кеңінен қолдану өнімнің мол болуын қамтамасыз етіп отыр. Қай колхозда болсын картоп шығымы жақсы. Облысымыздағы барлық егілген картоп пен овощьтың едәуір бөлегін өскен—Петропавл ауданының колхоздарында картоптың әрбір гектарынан орта есеппен 120 центнер өнім алынуы жоспарланды. Ал, осы колхоздағы Киров атындағы колхозда 35 гектар картоптың әрбір гектарынан 160 центнер өнім алынбақ. Соколов ауданындағы Налобин МТС-нің қамтуындағы колхоздарда картоптың әрбір гектарынан 145 центнерден өнім жыйналуға.

Ендігі міндет—біткі ескен картоп пен овощьты кезінде жыйнап алу болып отыр. СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысы егін жыйнау ауыл шаруашылығындағы жұмыстың аса маңызды, қорытынды кезеңі болып, табылатынын атап көрсетіп, бұл маусымды ұйымшылдықпен өткізудің нақтылы шараларын белгіледі. Біздің облыстың қай колхозында болсын картоп, овощьты кезінде жыйнап алуға мүмкіншілік бар.

Картоп жыйнауын ең қолайлы мерзімі 10 сентябрьден 5 октябрьге дейін. Солай бола тұрса да колхоздарда картоп, овощьтарды жыйнау мүлдем қанағаттанғысыз ұйымдастырылып келеді. 21 сентябрьге дейін облыс колхоздарында картоп жыйнау жоспары шебары 1,7 процент ғана орындалды. Ал, осы уақыттың ішінде шебары 128 гектар ғана овощь жыйналды. Бонюхов, Ленин, Полудень, Приешин және Совет аудандарының көп колхоздары картоп, овощьтарды жыйнауға тіпті кіріспей де отыр.

Бұл дақылдарды жыйнауы кешіктіру өнімнің ыраң болуына негізгі себеп болады. Мұнымен бірге кеш жыйналған картоптан сапалы тұқым азірлеуге де болмайды. Өйткені, кеш жыйналған картоп қоймаларға кентірілмей салынады да, оның бір аз бөлігі суыққа тиіп шірді. Сөйтіп, шығымтылық сапасын жоғалтады.

ауданының колхоздарына картоп қазуда көмек көрсету үшін өткен жексенбіде қала өнеркәсіп орындары мен мекемелерінен жүздеген жұмысшылар мен қызметшілер келді. Бірақ, картоп қазатын күректердің және қазылған картопты жыйнайтын ыдыс, көрзинвалардың болмауынан көптеген адамдар жұмыссыз болды. Мұнда ыдыс тек соңғы күндерде ғана дайындалды.

Кәзір облыстың колхоздарында егін жыйнау негізінен аяқталды. Енді қай колхозда болсын картоп пен овощьтарды жыйнауды кеңінен өрістетуге мүмкіншілік бар. Сондықтан, колхоз басшылары картоп қазуға жұмыс адамдарын жеткілікті мөлшерде бөлуге, оларды қажетті құралдармен қамтамасыз етуге тиіс.

Быйыл облыстың кейбір аудандарына картоп жыйнайтын комбайндар берілді. МТС механизаторлары бұл комбайндардың өнімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, ал колхоз басшылары мұндай комбайндарды қамтуға күш көлігі мен жұмыс адамын жеткілікті бөлуге міндетті.

Қолда бар картоп жыйнайтын комбайндар өте аз. Сондықтан, колхоз басшылары картоп қазуға ат плуттерін кеңінен пайдаланулары керек. Мұнымен бірге олар картоп қазудағы колхозшылардың жүнделік жұмыс тапсырмаларын толық орындап отыруларына жетісуге тиіс.

Алдымен тұқымдық учасқтардың картобі жыйналғаны дұрыс. Бұл істе агрономдар ұйымдастырушылық роль атқаруға тиіс. Олар тұқымдық учасқтардың картобін жыйнауға нақтылы басшылық жасауға, жыйналған картоптың күн көзіне кентіріліп, қоймаларда дұрыс сақталуына жетісуге міндетті.

Картоп, овощьтарды дайындау ісінің маңызы да ерекше күшті. Колхозда картоп, овощьтарды мемлекетке тапсырудың міндетті жоспарын толық орындап шығуға тиіс. Бұдан кейін колхоздар сауда орындарына бұл өнімдерді көптеп саудуы ұйымдастырулары керек. Мұның өзі еңбекшілердің картоп, овощь өнімдеріне деген қажетін толығынан қанағаттандыру ісіне келеді үлес қосады.

Белесі жылы картоп, овощь егістерінің көлемі быйылғыдан едәуір ұлғайтылуы жоспарланып отыр. Бұл колхоз басшыларынан картоп тұқымын сақтайтын орындарды көптеп азірлеуді талап етеді. Бірақ, көптеген колхоздардың басшылары бұл іске жете көңіл бөлмей келеді. Олар картоп сақтайтын орындарды азірлеудегі кемшіліктерді тезінен жоюға тиіс.

Картоп пен овощьтардың кезінде жыйналуы МТС агрономдарының бұл іске оперативтік басшылық жасауларына тікелей байланысты. Олар өздерінің қамтуындағы колхоздарда дақылдардың тез жыйналуын қамтамасыз етуге, бұл істе колхоз басшыларына қолма-қол көмек көрсетуге міндетті. Мұнымен бірге олар картоптың

Жаңа Қытайды құрушыларға сәлем

Қымбатты достар,Қытай Халық Республикасының жарияланғанына бес жыл толуына және қытай еңбекшілерінің өз бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы көпжылдық күресінің бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңісін баянды еткен жаңа халықтық Конституцияның қабылдануына байланысты шын жүректен сәлем жолдап, сіздерді құту құттықтаймыз.

Советтік Жетісудың механизаторлары мен ауыл шаруашылығының мамандары сіздердің жемісті еңбектеріңізге зор ынта-қойын қадағалап отыр. Сіздердің өнеркәсібіңіздің, ауыл шаруашылығыңыз бен мәдениетіңіздің табыстарына өздеріңізбен бірге біздер де қуанамыз. Қытайдың тұңғыш автозаводының, жаңа плотиналары мен каналдарының құрылысын, тұңғыш Қытай колхоздарының жұмысын байқап отырмыз.

Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін біздің Жетісу артта қалған, шамағай мүйіс болатын. Бұл өлкені халықтық Совет Үкметі, жұмысшы-шаруалар мемлекеті ғана гүлденген өлкеге айналдырды. Біртұтас тату семья болып тұратын совет адамдары—орыстар, қазақтар, ұйғырлар, дунгандар, корейлер мұнда тең бір жолдар, заводтар, мектептер салып, каналдар қазды. Еліміздің өнеркәсібі бізге тракторлар, комбайндар, ауыл шаруашылығының басқа да машиналарын берді. Бұрын құлазыған Қаратау өлкесінде колхоздарға біріккен шаруалар МТС-тердің көмегімен бидайды, күрішті, қант қызылшасын, овощьты бітік өсіруге үйренді. Біздің МТС қамтыған колхоздар быйыл егіннің әр гектарынан жоспарда белгіленгендегіден 4 центнер бидайды артық алды. Молотов атындағы ауыл шаруашылық артелінде 500 гектар күріш егісінің әр гектарынан 40 центнерден аса астық алынуға. Осы колхоздағы коммунист Те Ги Чердің бригадасы 75 гектар егіннің әр гектарынан 60 центнерден күріш жыйнауда.

Ауыл шаруашылығындағы ауыр жұмыстардың бәрін бізде машиналар атқарады. Бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесіне қатысушы біздің МТС трактор жұмыстарының жылдық жоспарын кезіргі өзінде орындады. Жарыс озаттары—Социалистік Еңбек Ері Филипп Лидің комсомол бригадасы, Ленин орденімен наградталған Иван Шапиннің трактор бригадасы кезіргі өзінде біржарым жылдық норма орындады. МТС-тегі таңдаулы механизаторлардың бірі—Хе Мун Сун «ДТ—54» тракторымен нормалары 980 гектар орнына 1600 гектардан аса жерде жұмыс істеп, 2 тоннадан асатын май үнемдеді. Механизатор Михаил Никитин «С—6» комбайнымен 580 гектар бидай жыйнап, 10200 центнер астық бастырды.

Ауыл шаруашылығының барлық салаларын онан әрі өркендетуге ұмтылып, біздің колхоздарымыз быйылғы жылы МТС-тердің көмегімен 4 мың гектардай тың жер мен Балхаш бойындағы 3 мың гектардан аса жаңа шабындық жерлерді игерді. 3 мың гектардан аса тың жерде

Бірнеше күн бойы тоқталмастан жауған жауынның әлі де басылар түрі жоқ, қайта үдете, нөсерлете түседі.

Осы жауынның астында, сонау отыз километр жердегі «Коммунизм» колхозынан облыс орталығына келетін ұлкен қара жолдың бойында кузовасына толтыра артылған бидайы бар төрт тонналық жүк автомашинасы келеді. Күні бұрын, бидайдың бетіне су өтпесін деген сақтықпен, бірнеше қабаттай ағаш үйің шатыры сыяқты көтеріңкі, керіле жабылған брезент оны жүк машинасына емес, МТС-тің жылжымалы мастерскойына көбірек ұқсатқандай.

Комбайнмен тек екі-үш рет орай шапқаны болмаса, жауынның бөгетінен әлі де болса орылмай тұрған жалпақ егін алаңын қақ жарып өтетін жолға бұл машинаның келіп жеткеніне сараңтан асты. Содан бері оның жүрісі өнбей, бейне бір тұсаулы аттай кбірігілтеп, егіндіктің шетіне шыға алмай келеді. Аздап бұрыла жүрейін десе тік тұрған егінді жапыратын болғандықтан қыйындығына қарамастан суы көлкіп, саз болып жатқан жол бойымен ғана жылжудан басқа амал жоқ. Доңғалақтар сазға батып, кей кездері үстіндегі ауыр жүкке шамасы келмей қалған машина өлде бір жарымсыз дыбыспен созылта ыңылдайды. Кей жерлерде бөгеліп қалып, аса бір айбарлы үнмен қатты күжілдеп, артқы доңғалақтары саз балшықты жентектей атады. Үшқан саз кузованың артқы жақтауына келіп баттаса жабысады да, машина теңселіп, қозғалған сайын қайтадан жалп-жалп түседі. Жаңбырдың ірі-ірі тамшылары көзге көрінер-көрінбес мыңдаған барандардың жорық дабылын қағып жатқанындай-ақ, кабинаның төбесін сатырлата соғады.

Кабинканың ішінде екі адам отыр. Рульде—су болған сұрғылт көнетос кеп-касын оң жақ шөкесіне қарай қыйсайға киіп, суланған шашы кең маңдайына жабысын қалған жас жігіт Қанап та, оның оң жағындағы машинаға бидай артушы болып істейтін, кең йықты, өткір көзді 16-17 лер шамасындағы бала жігіт Серікбай. Екеуінің де киімдеріне су өтіп, әбден шылқылдаған. Бет-ауыздары сазға былғанған. Соған қарағанда бұлардың машина тоқтап қалғанда құйып тұрған жауынға қарамастан сан рет кабинкадан түсіп, доңғалақтардың астына тыянақ боларлықтай заттар жыйнап, әуре болғандықтары айтпаса да белгілі болғандай.

Әрі-беріден соң аспанды торлаған қара бұлт бұрынғыдан да қалыңдай түсіп, жайшылықта бұл кезде жап-жарық болып тұратын кеш кәзір қараңғыланып кетті. Бұдыран алдыңғы жақ көрінбейтін болған соң Қанап машинаның жарығын жақты да, сол қолын рульден алып, көз алдына өкелді.

—Сағат сегіз жарым болды. Біз әлі есік алдынан ұзап шыққамыз жоқ. Бұл недеген қатты жауын,—деді, қайтадан алға қарап. Оның дауысында ызз бол-

СӘТТІ САПАР

ЭНГИМЕ

астықты тапсырдық, мемлекетке астық тапсыру жоспары орындалды деп ауданға телефон арқылы хабарлаймыз да, қатнас жазамыз. Содан кейін біз мемлекетке астық сатуға кірісетін боламыз. Ол үшін сен қалайда қалаға жететін бол, саған сенеміз» деген болатын. Бұл сөз предедательдің аузымен ғана айтылғанмен, ол барлық колхозшылардың өтініші, тілегі, сонымен бірге қатаң тапсырысы еді.

Кәзіргі Қанап пен Серікбайдың екеуінің де тынышын кетіріп, мазасын алған осы жай. Егер бұлар түнгі сағат он екіге дейін қалаға жетіп, элеваторға астық тапсырса, «Коммунизм» колхозы мемлекетке астық тапсыру жоспарын облыс бойынша бірінші болып орындамақ. Ал, бұлар қалаға жете алмаса, жоспарды орындау бір күн кейінге қалдырылады.

Мұны ойлағанда Қанаптың төбе құйқасы шымырлап, арқасынан аяз қысқандай дір етті.

—Жоқ, қалай да бір амалын табу керек,—деді ол жұлып алғандай, қауғалана сөйлеп.—Далада қонға болмайды, элеваторға жетуіміз керек.

—Қалай жетерсің, мынандай күнде? Түбі түскен шелектен бірде кем емес, сорағалатып төгеді де тұрады,—деді Серікбай қыңжылған түрмен.

—Қайтсек те жетеміз! Екеуіміз бірдей келе жатып далада қонып қалды дегенге ешкім де нанбас.

Бұл сөзден Қанаптың бір нәрсеге шын бел байлағандығы аңғарылды.

Нөсер жаңбыр толас бермеген төгіп тұр. Күн күркіреп, қара бұлттың бетін тылғилей, неше түрлі ирек сызып найзағай ойнайды. Жақын жерден шарт ете түскен найзағай даусына құлағын тіге қалған Қанап Серікбайға бұрылып, «әй-да, Серікбай, түсейік машинадан. Өлгі егіннің жиегінде сабан көпенелері көрінбей пе еді, содан сабан тасып, доңғалақ астына төсеу керек» деген нық байлауын айтты.

Машинадан түскен екеуі мойнына сорағалап, денені тітіркендіре жауырыңға қарай жүгірген жауын суын елеген де, отан көңіл де бөлген жоқ. Оларға кәзір бәрі бір еді, онысыз да әбден суға малпынып біткен. Тек айтылмышты уақытында нысаналы жерге жетіп үлгірсе болды. Бұдан басқа ойдың дәл осы сәтте бұлардың басына кіріп-шығуы мүмкін емес тәрізді.

Екі ортаға кемінде он-онбес минут жүріп, екеулеп құшақтай тасыған сабан жуырмалда өне қоймады. Олар белбеулерін шешіп алып, оны да сабан буып тасуға пайдаланды. Сөйтіп жүріп, ақыры сайдың бергі жиегіне дейін жуқалап болса да сабан төселді.

—Ал, енді не шығар екен, жерерміз,—деп Қанап Серікбайға қарап бір күліп алды да, кабинкада отырып, стартерді басты. Моторға от алдырып, жарықты жақты. Күндікке қараңғылықпен көзге көрінбей тұрған жауынды машинаның екі көзінен белдеулене жарқыраған жарық кө-

—Көріп отырмын,—деді Қанап та, қалаға бүгін жетерміз деген үміттен әлі арылмаған ол «енді не істесем екен?» деп ойлап отырғанда көңіле дәп еткізін үміт шырағын тұтатқан жарық сәуледен көз алмай қалаға қарап. Оның шаршаған денесі лезде шыйрап, жүрегі кеудесіне сыймай дүмдеп соғып кетті.

Міне, машинаның гүрілдеген даусы тіпті жақын жерден шығып, артына сайдың жиегіндегі белеске қарауытын өзі де шыға келді. Белгісіз шофер (тәжірибелі болу керек) машинасын екпіндетіп келіп, сайға қойып жетіп, бері қарай өте шықты. Бұл да бидай тасып жүркен жүк машинасы екен. Оның аман-сау өте шыққанын көрген Қанап пен Серікбай қуаныштары қойындарына сыймай айғайлап қарсы жүгірді. Өздерімен аттарласа келіп тоқтаған машинаға Қанап бұрын жүгіріп жетіп «тоқта, дос» деді шоферға айғайлап.

Жол жүріп өткізкендей селмәлдеп тұрған машинаның ақырын газге қойып, сол жайлақтаннан кейін кабинкадан сыртқа басын шығарған орыс жігіті—шофер:

—Оу, не болып қалды?—деді жуан дауыспен күрілдей сөйлеп.

—Дос, батып қалдық. Көмектес. Мына жерден шығарып жібер,—деді Қанап асыға сөйлеп машинасын нұсқап. Оның нұсқаған жағына мойнын бұрып қараған шофер басын шайқады.

—Ойдойт дерсің, әбден жерге жабысын қалыңғы ғой өзі. Бұлай батқан машинаны сүйреп шығару үшін трактор керек болар. Ал, мен өзім батып қалып жүрсем қайтемін?

—Жерге жабысқанда да мықтап жабысты, бірақ, одан қорықпа. Трактордың тұжыге де көрегі жоқ, сені мына тамаша машинаның өзі-ақ алып шығады.

Анау сөнбегендей басын тағы бір шайқап қойды да, —әй, білмеймін-ау, түрі жаман екен... Жарайды, неде болса көрерміз,—деп сөзін түйді.

—Ене, егер қателеспесем мен сізді элеваторда сан рет көрдім ғой деймін,—деді Серікбай таныс емес шофердың алыс тұлғасына сүйсінгендей сөзге араласып.

—Менің бойымды бір жерден адам өмірінен ұмытпайды. Түсінде де мені көріп шығатын болады,—деп, шофер өзінің алып денесін селкілдетіп күліп алды.

—Бізбен көршілес «Женіс» колхозының астығын тасып жүркен болуыңыз керек,—деді Серікбай тағы да.

—Дәл таптың. Сол колхозданмын. Көмекке Украинадан келген едім.

—Атын кім еді?

—Василий.

—Аяқ астыңнан таныс болып шықтың-ау өзі,—деп Серікбай күле сөйледі.—Василий деп жай атап қойғанша дәу Василий десеңші.

—Факт, дәл солай. Бұлар батып жатқан машинаға қарай жүрді. Василий аяғын аңда-саңда бір ала адымдай жүріп келе жатып бастары өзінің нығына әрең жетіп екі жағында

Картоп, овощтарды жыйнауда мұндай елеулі кемшіліктердің орын алуы алдымен колхоз басшыларының кінәсінен. Өйткені, олар картоп, овощтарды жыйнауды алғашқы күндерден бастап тыңғылдықты ұйымдастыра алмады. Колхоз басшылары картоп қазуға, овощтарды жыйнауға көлік күші мен жұмыс адамдарын бөлуді уақытылы ескермеген. Тіпті олар картоп қазуға қажетті құралдарды да кезінде әзірлемеген. Мұндай фактілер әресе, Петропавл ауданының колхоздарында кеңінен орын алды. Бұл

және овощтардың сапасының жаманлығына жер салуға тиіс.

Картоп, овощтарды жыйнау—аса маңызды жұмыс. Сондықтан, колхоз, совхоз, МТС басшылары әрбір колхозда бұл дағдылардың сапалы әрі кезінде жыйналуына жетіспеуі тиіс. Мұның өзі сентябрь Ілеңумының тарихи қаулысын орындау күресіне келетін үлес қосқандық болып табылады.

В. СУХОМЛИНОВА.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының агрономы.

КАРТОП КОМБАЙНМЕН ЖЫЙНАЛУДА

Петропавл совхозының коллективі былай 160 гектар картоп жыйнауы керек. Бұл өткен жылдан едәуір көп. Совхоз жұмысшылары картоп егуде шаршы-ұялы әдісті кеңінен қолданған болатын. Мұның өзі картоптың жақсы, мол өнімді болып өсуіне қолайлы жағдай жасап отыр.

Кезір совхозда картоп пен овощ / дақылдарын жыйнау кеңінен өріс алууда. Быйыл мұнда картоп жыйнауға жаңа техника—картоп жыйнайтын комбайн пайдаланылып келеді. Мұндай машина совхозда өсеу. Бұлардың әрқайсысымен төрт гектардан картоп жыйналады. Мұндай мөлшердегі картопты қолмен жыйнайтын болса, онда 50—60 адам жұмыс істеу керек болар еді. Комбайнда барлығы

4 адам ғана жұмыс істейді. Комбайнның бірін механизатор Пятак, екіншісі—Рыжков жолдастар басқарады. Олар жаңа техника қуатын өнімді пайдаланып, күнделік жұмыс тапсырмаларын толық және артығымен орындауға жетісіп келеді.

Бұл күндері совхозда жүздеген центнер картоп және овощтар жыйналды. Алынған картоп және овощ өнімдерінің біразы облысымызда тың және тыңайған жерлерді игеру үшін жаңа ұйымдастырылған совхоздардың коллективтеріне жіберілуде. Жуықта ғана жаңадан ұйымдастырылған Хрущев атындағы совхозға ондаған центнер картоп жөнелтілді.

Б. ҚАСЕНОВ.

Қала рыноктарында овощ, бақша дақылдары сатылууда

Петропавл қаласының рыноктар басқармасы қала рыноктарында овощ және бақша дақылдарын сату жөнінде Полудень, Соколов, Петропавл, Совет аудандарының колхоздарымен шарт жасайды. Мұндай шарттар облысымыздың 20-дан астам колхоздарымен жасалды.

Жасасқан шарт бойынша жақында Димитров атындағы колхоз (Полудень ауданы) қала рыноктарына 5 тонна қыяр, 30 тоннаға жуық қарбыз әкеліп сатты. Картоптың бағасы 60 процент, капустаның бағасы 70 процент, пияз—40 процент арзандаты.

Ленин ауданы, Молотов атындағы колхозда 4,5 гектар алаңға жеміс ағаштары отырғызылған. Мұнда алманың, сол сияқты, басқа да жеміс ағаштарының көптеген түрлері өсіріледі. Колхоз бағбаны Григорий Иванович Мицуков жолдастың қажырлы еңбегі арқасында бұл бақпадан үстемізлегі жылы мол өнім жыйналуда.

СУРЕТТЕ: Г. Мицуков жолдас тозаңдату әдісімен өсірген апорт алма ағашының өнімін байқап тұр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.



қосымша зияб жұртылды.

Еңбектегі табыстарымызды айта отырып, біз ауылшаруашылық өндірісін кооперативтендірудің және механикаландырудың бірден-бір дұрыс жолына түскен еңбек сүйгіш қытай шаруаларының елді экономика жағынан қайта құруда бұрынғыдан да зор табыстарға жететініне сенеміз. Барлық совет адамдары өзінің жауынгер басшысы—Совет Одағының Коммунистік партиясының төңрегіне тығыз топтасқан. Ұлы мереке күні сіздердің жаңа өмір орнатуда, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік болуы жолындағы күресте зор табыстарға жетулеріңізді тілейміз. Қымбатты достар, қолдарыңызды қысаямыз.

ЦОЙ ЗЯ ИР,

Үштөбе МТС-нің директоры, Социалистік Еңбек Ері.

М. ПАНКИН,

Үштөбе МТС-нің трактор бригадасының бригадирі, Социалистік Еңбек Ері.

Д. САҒАДИЕВ,

Үштөбе МТС-нің агрономы.

(ҚазТАҒ).

Достар мен туысқандарға

Күн нұрына бөленген Қазақстанның күріш өсірушілері, біздерге қуанышты хабар жетті. Халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жыйналысының сессиясы Қытай Халық Республикасының Конституциясын қабылдады. Халықтық Конституция қытай еңбекшілерінің ұлттық тәуелсіздік, демократия және социализм жолындағы ұзақ қаһармандық күресінің жеңістерін баяндай етеді. Бұл біздің дәуіріміздің тамаша документи, өзінің азат болуының бесжылдығын атап өткелі отырған қытай халқының өміріндегі аса көрнекті оқиға. Алыстағы достарымыз бен туыстарымызды осы даңқты жеңіспен, ұлы мейраммен қызу құттықтаймын. Қытай мемлекетінің даңққа бөленіп, гүлден көрнекті жолындағы күресте туысқан қытай халқының табыстарға жетуіне тілектеспін.

Бұл күндері еңбек ету әрі қуанышты, әрі мақтанш. Біз күрішті біткіз өсірдік. Маған бекітіліп берілген участкада мол өнім өсірілді. Мен 5 гектар күріштің әр гектарынан 600 пұттан, ал қалған 15 гектар участкақтың әр гектарынан 300-320 пұттан күріш жыйнаймын.

Алыстағы достарымыз бен туыстарымызды халықтық Конституцияның қабылдануымен және алдағы ұлттық мейрам—Қытай Халық Республикасының бесжылдығымен шын жүректен құттықтаймын. Қытайдың күріш өсірушілерін қажырлы еңбек етіп, ұлы Қытайдың күшқуатын нығайтуға, Қытай мен СССР халықтарының достығын нығайтуға, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікті нығайтуға шақырамын.

Ыбрай ЖАҚАЕВ.

Социалистік Еңбек Ері, Сталиндік сыйлықтың лауреаты, Қызылорда облысының «Қызыл ту» ауылшаруашылық артелінің колхозшысы.

ғандық пен әлде неге тынышсызданғандық байқалады.

—Атама деймін, — деді, күні бойы кабинетке сатырлата соққан жаңбыр дыбысына құлақ тігіп отырған Серікбай. — Мен мұндай жауынды көрген емес. Әбден патақ болды ғой. Күн ашық, жол құрғақта жарты сағат жүретін жолға екі сағат жүрді деген не масқара. Мынау егіннің шетіне быйыл шыға алмаспыз, сірә.

Бұлар егіндіктің ортасында әлде неше тоқтап, көп бөгеліп, әрең деп шетке шыққанда Қанаш машинаны жолдан шығарып, бозға бұрды. Қатты жерге шыққан машина күндікке жүрісті бөгеп, еркіне жібермей қойған саздақтан құтылғынына қуағандай жылдамдата жөнелді. Ұйыса өскен қалың көдені жапыра иілеп, доңғалаққа жабысқан саз-батпақты артқа қарай ытқыта лақтырып, зымыратып келеді. Қалаға бидай апарып қайтып келе жатқан бір екі машинаның қасынан салып ұрып өте шықты. Аз да болса быйы жеңілеіп қалғандай болған Қанаш:

—Әй, шіркін-ай, қалған жолдың бәрі осындай болса ғой, күндікке ұтқызып уақыттың есесіне жол танабын қуырып алар едім, — деп газды көңілдене көтеріңкіреп қойды.

Оның бұл қуанышы көпке бармады. Он минут өтпей-ақ олар жолды көлденеңдей қылып өтетін үлкен сайға жетті. Жазадай құрғап қалған, маңайы ашылы сайға кезір едәуір су жыйналып, саздауыттанып қалған екен. Оған жақындаған сайын машинаның жүрісі шабаңдай берді. Кей кездерде рұлье бағынбай біржамбастан, арт жағы көлденең те кетеді. Машинаның батып қалу хауірі бар. Алға қарай шықпана жылжып келе жатқан машина бір кезде ілгері қарай екі-үш жүлқынып барды да, артқы доңғалақтары сұйық сазды сылпылдата соққылап, шыр айналып бір орында тұрып алды. «Баттық» деді Серікбай абыржып. Қанаш жампа-жан машинаны кейін шегіндірді. Бірақ, уақыт өтіп кеткен еді...

Бірсыпыра әуреленгеннен кейін Қанаш «болмайды» деп моторды сөндірді де, Серікбайға қарап:

—Болмады. Айдалада батып қалды деген осы болады. Әлгі машиналардың да өтпін кеткенін қарашы. Енді не істейміз? — деді сұраулы кескінмен.

—Қайдан білейін не істейтінімізді. Қалжыратты-ау өзі әбден, — деді анау қалың қабағын сал түйе.

Серікбайдың қабағын түйетін жәні барды. Өйткені, олардың бұл жолғы сапарларының маңызы ерекше еді. Ал, бұл сапарға шығу қырманға қаладан түстен кейін қайтып оралған Қанаштың үлесіне тиді. Жабық қырманның астында оның машинасына жоспар бойынша мемлекетке тапсырылатын астықтың соңғы пұттары артылды. Бұлар жүрейн деп тұрғанда колхоз председателі Қанашқа жолдың ауыр, жағдайдың қиын екенін айта келіп, «байқа бала, бүгін қалай да қалаға жет. Астықты тапсыр. Ал, біз сенің қалаға жетуіңді күтеміз. Элеваторға жетпін астықты тапсырған соң дереу колхозға телефон соқ. Одан кейін біз ақырғы пұт

денең белден қырқып жібергендей болды. Жабырдың көз ілеспес шапшаңдықпен, жерге түсуге асыққан ірі-ірі тамшылары жарыққа қыйғандай келіп, гауһар моншақтай жылтылдайды. Әйнектерді біреу әдейілеп жуып жатқандай жол-жол болып жоғарыдан төмен сорғадаған судан алдыңғы жақ бұлдырап жана көрінеді. Алдыңғы әйнектің бетін сыпыра оңды-солды теселіп, шофердің алдын сұртін тұрған әйнек тазалағыштың да септігі шамалы боп қалған. Оның кәзір ғана сұртін өткен жері қайтып оралғанда тағы сондай болып сулаанып шыға келеді.

Төселген сабаның бойымен доңғалақтары өте ақырын айналып, он метрдей алға жылжыған машина дәл сайдың жиегіне жете берді де тағы да тоқтады. Бұл жолы мықтап тоқтағанға ұқсайды. Шығарып әкетпек болып Қанаштың машинаны бір алға, бір артқа жүлқығанынан ешнәрсе өнер емес. Қайта машинаның доңғалақтары жұмсақ сазды илей жаншытап, терең шұңқыр қазып, төмендеп бата берді.

Бұлар енді қолдан келер еш айналып жоқтығын сезгеннен кейін бағанасыдай емес, саябырсап бастаған жауынның суылына құлақ тігіп, үнсіз отырып қалды. Екеуі де шаршаған, қажыған сияқты. Қанаштың көз алдына жолхозшылардың мемлекет алдындағы борынты өтеу үшін жауынға, ауа райының қолайсыздығына қарамастан, комбайннан түскен дәмжыл астықты күн демей, түн демей дән кептіргішпен кептіріп, жөнелтіп жатқандағы қажырлы еңбектері елестейді. Ойына председателдің күндізгі сөзі түседі де ішпен: «ендігі ауданға хабарлап та қойна болар, біз болсақ белден шойырылғаннан жаман отырып қалдық» деп қатты ұрынжылады. Қала жақтан келе жатқан машина көрінбес пе екен деп алға көз жібереді. Жоқ. Содан медеу табатындай әлсіз-әлсіз саяғына қарайды. Сағаттың үшкір тілі оннан асып барады. Бұл жай оны тіпті тынышсыздандыра, абыржытып састыра түседі. Қысылып қыйналғандай болады. Бірақ, ұшарға қанат жоқ. Мына жерден шығудың қамын ойластырады. Қолдан келгенінің бәрі істелді, енді еш амал қалмаған тәрізді. Шынымен-ақ колхоз астық тапсыру жоспарын орындауды бір күнге кейінге қалдырғаны ма? Бүкіл колхоз мүшелері осы бір ардақты борынты өтеуге маңдай терлерін төгіп, адал еңбегін аймағанда, соның бәрі Қанаштың кіномен далаға кететін болғаны ма? Сыншылдықты ауыр ұятты қалай арқаламақ. Колхозшылар не айтады, «сенің едік, сенімімізді ақтай алмайды» демей ме?..

Міне, Қанаштың басына осындай ойлар пшым-штырлық бірі келіп, бірі кетіп жатты. Соның бәрі де оның жүрегін шымшылап, қысылдыра, қыйналдыра түседі...

Арада бір талай уақыт өткенде қала жақтан түн қаранғылығын тілпек машинаның отты көзі көрінді. Оның сәулесінің бір оңға, бір солға ирелең қаққанына қарағанда белгісіз шофер машинасын қатты жерлерді қуалай жүргізіп келе жатқанда ұқсайды.

—Машина келе жатыр! — деген Серікбайдың дауысы тым қуанышты шықты. — Бәсе, күнде бұл уақытта ағылып жататын машиналар қайда десем...

қарап күліп:

—Әуелі барлау жасап алайық. Шабуылды соның бастарымыз.

Машинаға келіп айнала қарап шыққан Василий, — жаңбыр тимейтіндей болып жақсылық-ақ жасырылған, екенсіңдер, жігіттер. Оқоптарың терең, — деді қалжыңға басып.

Оны сезген Қанаш үндемен еді Серікбай шыдай алмады.

—Сіз, жолдас, машинаны алғаш көріп тұрғандай шығқ айналып, тамашалай бермей, тезірек алып шығсаңызшы, — деді ол.

—Оһо, тіліңнен бал тамып тұрған жоқ екен... Машинаны алғаш көрмесем де, шілдей екі жігіт бірге жүріп батырып алған машинаны алғаш көріп тұрмын, — деп Василий әзілден ұттырмай Серікбайға тұра қарады. Ол оң қолымен басындағы көшкесін еңкейте сырып қойып, желкесін қасып тұрды да ақыры бір қорығындыға келгендей, тірелейтін сым арқандарын барма еді? — деп сұрады.

Бұлар аз ақылдасқаннан кейін Василийдің ұсынысы бойынша батқан машинаны тіркеп, әуелі кейін тартып шығармақшы, сонсоң екі машина да бірдей жылдамдықпен сайдан қатты жүріп өтпекші болып келісті...

Едәуір әуреленген шоферлар бидай тиетін машинаны әрең деп сайдың арғы бетіне алып шықты. Машинасын тоқтап жерге түскен Василий тірелеген сым арқанды ағытып жатты да қасына желген Серікбайға қарап құлана күлді.

—Элеваторға таң атқанша тағы да бір қатынамақ едім, қаншама жолымнан бөгедіңдер. Айдың күннің аманьында батып қалатын не болды, жас жігіт?

—Өз басына келмеген соң батырсынасын да, — деді Серікбай, — дегенмен, рақмат саған, Василий. Жігіт екенсің. Сен кездесегенде жұрт күзеткен көк бөрі күсап шондайған едік.

Шалшық суды шалпылдата басып бұлардың қасына Қанаш келді.

—Қарашы, — деді ол, бұл кезде басылуға айналған жаңбырды қолмен нұсқап, — Мүлдем тыйылды.

—Сендердің көңіл күйлеріңді, жетпей тынбайтындығыңды сезген ғой. Зорлана беріп қайтемін...

Онысыз да ұшарға қанаты болмай асығып тұрған Қанаш бұдан әрі бөгелуді жөнсіз көрді. Ол сағатына бір қарап алды да, — ал, дос, енді біз кешікпейік. Кеттік. Уақыт аз қалыпты, — деп өзінің асығыс екендігін білдірді.

Оның бұл жолғы сапарларының ерекше маңызды екендігін Василийге айтқысы келсе де, уақытының аздығын ескеріп кейін бірде айтармын деп ойлады ішінен.

Адамның шын ниеттенгенде қолға алған ісін тындырмай қоятыны бола ма, енді аз уақыт өткенде екі машина әрқайсысы өз алған бағытына қарай зымыратып кетіп бара жатты... Жарты сағат шамамен өткеннен кейін Қанаш элеватор кеңесінде тұрып бидайды тапсырғаны жөнінде колхозға хабарламақ болып телефонның трубкасын қолына алды...

Естай МЫРЗАХМЕТОВ.



Образцовая МТС-нің орталық усадьбасында кітапхана және демалыс бөлмесі бар. Мұнда үлкен клуб үйі салынып жатыр. Бұл орындар МТС жастарының жұмыстан кейін жыйналып, мәдениетті демалатын сүйікті орнына айналған. СУРЕТТЕ: орталық усадьбада суреттеп жүрген жастардың бір тобы. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Мастер Порфирий Махов

Порфирий Григорьевич Махов қаладағы № 20 қолөнершілер училищесінде көп жылдан бері ұстаық ісін оқытудың мәстері болып қызмет істеп келеді. Бұл жылдардың ішінде ол 130-дан астам маман ұсталар даярлап шығарды. Олар көзір еліміздің көптеген қалаларындағы өнеркәсіп орындарында қызмет істеп жүр.

Порфирий Григорьевич өзінің көп жылғы ұстаық тәжірибесі мен білімін маман жұмысшылардың жаңа кадрларын дайындауға жұмсап келеді. Ол өзінің үйрету және тәрбие жұмыстарының барлығын оқушылардың болашақ мамандықтарын сүю үшін бағыттайды. Мастер алғашқы сабақтарда жаңа қабылданған оқушыларды училищенің өмірімен, олардың болашақ мамандығы—ұстаық өнермен таныстырады. Отанымыздың озат техникасын, училищенің бұрынғы оқушыларының өндірістегі табыстарын әңгіме етеді. Олардың өздеріне мамандық берген училищеге өз қолдарымен жасап, ескерткіш ретінде қалдырған әртүрлі аспаптарын болашақ ұсталар қызыға көреді, өздерінің мамандықтарына құмарлығы арта түседі.

Өз оқушыларына мамандықты ерінбей үйретумен қатар, оларға қатаң талап қоя білу Маховтың жұмысындағы негізгі бір қасиеті. Ол оқушылардың күнделікті теориялық сабақтарды үлгілі түрде оқып отырып, практикалық жұмыстарға да үнемі қатынасып отыруын бақылауға қабілетті. Өйткені, мамандықты меңгерудің

негізгі түрі осы практикалық жұмыстар болып табылады. Мастер болашақ мамандардың тәжірибе жұмыстарынан басқа өндіріс орындарына жексерікшілер, озат жұмысшылармен кездесулер өткізу ұйымдастырып отырады. Мұның өзі олардың өндіріс процестерімен тереңірек танысуларына, еңбек тәртібін нығайтуға көмектеседі. Олардың еңбек өнімділігі, мәдениеттілігі көтеріле түседі. Мастер өз оқушыларының жұмыс әдістерін меңгеріп болғаннан кейін оларға:

—Жақсы маман болу үшін, саналы өнім берумен бірге, оның жылдам шығарылуына да жетісе білу керек деп үйретеді.

Порфирий Григорьевич училище оқушылары үшін тек қана үйретуші ғана емес, сонымен бірге, оларға тәрбиеші де. Ол оқушылардың жатақханасында жиі болып, олардың училищеден тыс уақыттарын көңілді өткізулеріне үнемі көңіл бөледі. Оқушылармен әңгімелесіп, оларға өзінің ақылы мен кеңестерін айтып отырады. Соның нәтижесінде оқушылар да оны сыйлап құрмет тұтады.

Мастер Махов жастарды сүйіп, оларды оқытуды, өзінің көп жылғы бай тәжірибесін үйретуді мақсат еткен адам.

—Жастарды оқыту, тәрбиелеу,—дейді ол—менің Отан алдындағы ардақты борышым.

У. АЛПЫСБАЕВ.

Үлгілі оқу үйі

Аманкелді ауылдық Советі жанындағы (Совет ауданы) оқу үйі колхозды деревня еңбекшілерін мәдениетті қамтуда ай-

астық тапсыру жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтауға шақырған ұрандармен, және басқа плакаттармен безендірілген.

Батыс Германия мен Батыс Берлиндегі шпиондық-диверсиялық ұйымдар жойылсын

ССРО-ның Германиядағы Жоғарғы комиссары Г. М. ПУШКИН жолдастық АҚШ-тың Германиядағы Жоғарғы комиссары КОНЭНТКЕ хаты

БЕРЛИН, 23 сентябрь. (СОТА). ССРО-ның Германиядағы Жоғарғы комиссары Г. М. Пушкин жолдас 23 сентябрьде АҚШ-тың Германиядағы Жоғарғы комиссары Конэнтке хат жолдады, оның тексті төменде жарияланып отыр.

«Герман Демократиялық Республикасының үкметі маған материалдар тапсырды. Бұл материалдар Герман Демократиялық Республикасының мемлекеттік қауіпсіздік органдары Батыс Берлин мен Батыс Германияда орналасқан шпиондық-диверсиялық ұйымдардың ГДР-ге қарсы жүргізіп отырған бүлдіру әрекеттерінің көптеген фактілерін ашқанын көрсетеді.

Материалдардан көрініп отырғандай, соңғы уақытта ГДР-де осы ұйымдардың 400-ден аса шпиондары мен диверсанттары ұсталған және мұның үстіне, жүзден аса агент өздерінің қылмысты әрекет жасағанына өкініп, өз еркімен келіп берілген.

Мынадай жағдай анықталды: ұсталған және өз еркімен келген ресми қызмекерлер мен агенттер Батыс Берлин мен Батыс Германияда орналасқан американдық тыңшылық орталықтарында, сонымен қатар немісше аталған, бірақ іс жүзінде американдық шпиондық-диверсиялық орталықтарының филиалдары болып табылатын ұйымдарда, соның ішінде белгілі гитлершілер Гелен мен Бланк басқаратын ұйымдарда—«рақымсыздыққа қарсы күресу тобы», «еркін юристердің тергеу комитеті», «Шығыстың саяси қашқындарының бірлестігі», «ХДО-ның шығыс бюросы» дейтіндерде және басқаларға қызмет істеп келген. Агенттер ГДР азаматтарының өміріне қастандық жасауға, ГДР мен Совет Армиясы туралы шпиондық мәліметтер жыйнауға, ГДР-дың басқару ашпартының жұмысына ірікті салуға, саботаждық жасауға және басқа қылмысты әрекеттер істеуге тапсырмалар алған.

Мысалы Геленнің шпиондық-диверсиялық ұйымының тапсырмасын орындаған агент Вейбель жандырығын амушлар мен жарылғыш заттардың көмегімен Варнебургтегі верфте жасалып жатқан паролхотты құртуға әрекет жасаған. Вейбель, сонымен қатар Росток пен Шверин округін электр қуатысыз қалдыру үшін электр қуатын беретін жоғары вольтті линияның тірегін кыйратуға тапсырма алды деп көрсеткен.

Август айында ГДР органдары ГДР-дың темір жол транспортында бүлдіру әрекеттерін жүргізіп келген Геленнің разведка-ның агенттері Бенделов Карл Юлиус Вильгельмді, Мизеро Эвальд Михаэли және Дори Кети Элла Фридрих тұтқында алған. Бұлардың бәрі де маңызды темір жол объектілерінде (темір жол тораптарында, көпірлерде, деңделерге, су тартатын мұнара және) диверсиялық әрекеттерге әзірленген.

Бұл үшін арнап құрылған қызмет орны күнілгері жасалған жоспармен жүргізіп келгені туралы документті материалдар тапсырған.

Ұсталған агенттердің өз еркімен берген жауаптарына негізделген қолдағы тергеу материалдары, олардың ГДР-ге қарсы қылмысты әрекеттерін дәлелдейтін көптеген фактілер американдық шпион-диверсиялық ұйымдарының Шығыс және Батыс Германияны өзара жақындастыруға жол бермеу, немістерді өзара қарым-қатынасын нашарлату және Германияны бейбіт жолмен біріктіру ісіне қылмысты құралдар мен кедергі келтіру мақсатын көздеп отырғанын көрсетеді.

Мұны шпиондық-диверсиялық топтарға қатысушылардың қылмыстарын тұра мейлінше жауаптары, атап айтқанда, американдық құпия қызметтің қызметкері Варшаваның нұсқаулары бойынша әрекет жасаған агент Матлинскийдің берген жауаптары дәлелден отыр.

Американдық және батысгерманиялық шпиондық-диверсиялық ұйымдардың тұтқында алынған және өз еркімен келген агенттері ГДР мен Батыс Германия арасында экономикалық байланыстардың өркендеуіне қарсы әрекеттер жасауға өздеуінің нұсқаулар алғанын көрсеткен. Июнь айында Гелен разведкасы филиалдарының бірінші басшысы тергеуле өзінің ұйымы ГДР мен сауда байланыстарын жасал отырған барлық батыс немістерінің фирмаларын үнемі қадағалап келді деп хабарлаған. Бұл мәліметтер американдық және батысгерманиялық үкмет орындарына берілген олар қорқыту, бопсалау және экономикалық қысым жасау әдістерін қолдана отырып, бұл фирмаларды ГДР мен сауда жасауын тоқтатуға зорлаған.

Тергеу және сот органдарының материалдары Батыс Германия мен Батыс Берлинде орналасқан шпиондық-диверсиялық ұйымдардың өз агенттерін көбінесе гитлерлік тыңшылық қызметінде, гестапода, хауіпсіздік қызметінде, СС-та жұмыс істеген адамдардан, сонымен қатар саяси қылмыстылар мен басқа қылмыстылар арасынан іріктеп алатынын көрсетеді. Сонымен бірге бұл ұйымдар бопсалау, қорқыту және алдау әдістерін қолданып, адал ниетті немістерді өз отанының мүдделеріне қарсы бағытталған қылмысты әрекеттерге қатыстыруға тырысуы. Агенттер тарту жұмысы, атап айтқанда, қашқындар арасында жүргізілуде. Батыс Берлинде (мантейфельштрассе 31) қашқындардың жауап алумен шұғылданып, филтрациялық пункт құрылған, мұнда адал ниетті адамдары шпиондық пен диверсиялық әрекеттерге қатысуға еріксіз тартыла. Осылай жолмен шпиондық ұйымдардың торына түскен адамдар бейбіттен арнаулы оқудан өтіп қылмысты тапсырмалармен ГДР-ге жіберіледі.

өз еркімен ГДР-ге өткен. Гелен, Бланк ұйымдарының және Батыс Германиядағы басқа шпиондық-диверсиялық орталықтардың американдық тыңшылық органдары арқылы қаржыландырылып, солардың директиваларына сәйкес жұмыс істеп отырғаны да маған тапсырылған материалдардан айқын көрінеді. Ұсталған агенттердің берген жауаптарына қарағанда, Гелен разведкасының «бас дирекция» деп аталатын орталық штабы Мюнхен маңындағы Пуллах деген жердегі американдық әскери қаланыңында орналасқан. «Бас дирекцияға» американдық разведкасының 40-тан аса зарапшылары мен кеңесшілері, соның ішінде полковник Хендрикс, подполковник Дуиль, майор Шмитцер және басқалары көмекке жіберілген. Геленнің ұйымының бас өкілдіктері деп аталатын бөлімшелері Мюнхенде, Майндағы Франкфурте, Дармштадта, Бременде және американдық аймақтың басқа қалаларында орналастырылған. Басқа шпиондық-диверсиялық ұйымдар мен олардың филиалдарының басым көпшілігі де американдық аймақта және Берлиннің американдық секторында орналасуда. Гелен разведкасының американдық орындардан жыл сайын 20 миллион марка алып отырғаны мәлім. «Еркін юристердің тергеу комитеті» дейтін ұйым американдық тыңшы Вайн арқылы ай сайын 65 мың марка алып отыр. Батыс Германия мен Батыс Берлиндегі басқа да шпиондық-диверсиялық ұйымдар да американдық орындардан финансы қаражатын ұдайы алып келеді.

ГДР-ге қарсы шпиондық-диверсиялық әрекетте Батыс Берлиндегі американдық «Риас» радиостанциясы ерекше роль атқарып отыр. «Риастың» саяси бөлімі ГДР территориясында өзінің агентуралық жұмысін құруға тырысып, шпиондық мәліметтер жыйнау үшін және диверсиялар мен саботаждық ұйымдастыру үшін өз «агінділері» дейтіндері жіберуде.

Диверсант Луккэ тергеуде мынаны хабарлаған: ол «Риас» қызметкері Парзеновтың (ол және Цербе Йоганн) тапсыруы бойынша Фюрстенвальде қаласындағы халықтық «Райфенверже» кәсіпорнының қоймасына өрт салған, өрттің салдарынан адамдар өліп, 4 миллион марка зыян болған. «Риастың» құпия хабар жеткізуге арналған шартты белгісі бойынша жүргізілетін техникалық хабарлар тарату дейтін әрекеттері ГДР-ге шабарланған шпиондық-диверсиялық ұйымдардың агенттеріне нұсқау беру және олардың әрекетін сәйкестіріп, бағыттап отыру мақсатын көздейді.

ГДР мен совет әскерлеріне қарсы жүргізіліп отырған шпиондық-диверсиялық әрекеттің азғайт фактілерінің өзі міне осындай, бұл әрекеттер үшін ең алдымен американдық оқунациялық үкмет орындары жауап береді.

Готвальд қаласында

ПРАГА, 24 сентябрь (СОТА). Халық өкметінің жылдарында Готвальд қаласы (Бұрынғы Злин қаласы) Чехословакия республикасының ірі өнеркәсіп және мәдени орталығына айналды.

Готвальдтың ең жаңа автоматты станоктармен жабдықталған аяқкіім комбинаты жылына 19 мың пар аяқ киім шығарады, мұның өзі буржуазиялық Чехословакияның шығарған аяқ киімінен әлде қайда көп.

Қаланың бейнесі де өзгерді. Онда тұрғын үйлердің сәулетті жаңа кварталдары пайда болды, жеті жыл ішінде Готвальдтың еңбекшілері 1800 пәтер алды.

Қалата су тазалайтын жаңа станция, жаңа моншалар, балалар бақшалары және басқа мәдени тұрмыстық мекемелер салынды. Қаланың барлық маңызды магистральдарында троллейбус линиялары салынды. Аяқ киім комбинатында полилиника ұйымдастырылды. Қалата балнеологиялық курорт ашылып, онда соңғы үш жыл ішінде 100 мың еңбекші емделді.

АЛБАНИЯДА АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КООПЕРАТИВТЕРІНІҢ ТАБЫСЫ

ТИРАНА, 24 сентябрь. (СОТА). Албанияның ауылшаруашылық кооперативтерінде ауылшаруашылық дақылдарының шығымылығы және меншікті шаруалардың егіс далаларындағы шығымылығынан әлде қайда артық. Елдің ең жақсы кооперативтері быйылғы жылы күздік бидайдың әр гектарынан 20—22 центнерден өнім алған.

Албанияның жеке меншікті шаруалары ауылшаруашылық кооперативтерінің тәжірибесінен коллективті түрде еңбек етудің артықшылығына көздері жетуде.

1947 жылы ұйымдастырылған «Ширгяни» кооперативі көзір 40 шаруашылықты біріктіріп отыр. Егер бірінші жылды кооператив әрбір еңбеккүште 3 килограмнан астық берген болса, 1953 жылы кооператив мүшелері 7 килограмнан алды. Кооперативте соңғы жылдары 24 тұрғын үй және мектеп үйі салынды.

АМЕРИКАН МОНОПОЛИЯСЫ БРАЗИЛИЯНЫ ТОНАУДА

МОНТЕВИДЕО, 24 сентябрь. (СОТА). Американдық монополистер Бразилия халқының шаршылық пен жоқшылыққа ұшыратып, одан зор пайда табады. Бразилияның «Импренса популар» газетінің хабарына қарағанда Америкада қожалық етіп отырған 120 американдық бірлестігінің үлесіне, олардың өз пайдалары туралы хабарына қарағанда, Бразилиядағы қалған 324 мың кәсіпорындарының барлық кірістерінің үштен бірі тиетін көрінеді.

Бірақ, газеттің атап көрсеткеніне қарағанда, бұл Бразилиядағы американдықтардың басты кірістері емес. Америка монополистері өздерінің монополиялық праволарын Бразилияның сыртқы саудасында товарларға баға қою үшін кеңінен пайдаланады.

үйі плакаттармен, ұрандармен, партия мен үкмет басшыларының суреттерімен безендірілген. Мұнда ауыл шаруашылығы тақырыптарына, алдыңғы қатарлы колхозшылардың жұмыс үлгілері туралы витриналар ұйымдастырылып тұрады.

Оқу үйінің меңгерушісі Ж. Рақымжанова жолдас колхозшыларды оқу үйінің жұмысына белсене қатыстырып, кітап оқушылардың санын көбейтуге күнбе-күн көңіл бөліп отырады. Мұнымен бірге, оқу үйінің кітап қоры да жыл сайын өсіп келеді. Қазір оқу үйінің кітапханасында 1500-ге жуық саяси, ғылыми, ауылшаруашылық және көркем әдебиеттер бар.

Бұл күндері оқу үйінің жұмысы жұмыстың тағдыры шешілетін жерлерге — дада бригадалары мен трактор бригадаларына, қырмандарға көшірілген. Дала қостары егін жыйнау және мемлекетке

оқу үйі егін арағы кезінде егіншілер мен механизаторларды мәдениетті қамту үшін жылжымалы кітапханалар ұйымдастырды. Оларға 300-ден астам түрлі әдебиеттер берілді.

Оқу үйі активтерінің күшімен дала қостары мен трактор бригадаларында үнемі жауынгерлік листовтар шығарылып тұрады. Онда алдыңғы қатарлы егіншілер мен механизаторлардың жұмыс үлгілері насихатталады. Мұнымен бірге, олар егіншілер арасында түрлі тақырыптарда өңгімелер өткізіп, газет, журналдардан үзінділер оқуды ұйымдастырады.

Ауылдық Советінің жанындағы оқу үйі еңбекшілерді мәдениеті қамту жұмысын бұдан да жақсартып, колхозшы шаруаларды жаңа еңбек табыстарына жігерлендіре берді.

Ж. ҚАЙРАТОВ.

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

„Мәдениет мәселесімен кейін шұғылданамыз“ дейді

Булаев ауданындағы Калинин атындағы колхоздың № 1 бригадасы Калинин атындағы МТС-тің орталық ұсадыбасына орналасқан. Бұл — колхоздың ең үлкен бригадасы. Мұнда көптеген колхозшылар және жастар жұмыс істейді. Қазір олардың барлығы да егінді ыстапсыз жыйнап алып, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мұлтасыз орындау жолында аянбай еңбек етіп жүр.

Колхозшылар, әсіресе колхоз жастары күндізгі қызу еңбектен кейін мәдениетті дем алып, жұмыстан бос уақыттарын көңілді өткізгісі келеді. Бірақ, колхоз басшылары мен бастауыш партия ұйымы олардың бұл тілегімен санаспай, мәдениет мәселесімен нашар шұғылданып келеді.

Колхоз клубының қабырғасы қалыңталып өсіп жыл болды. Бірақ колхоз председатели

Малышев жолдас клубты тез жабықтай құрылыс жұмыстарын неғұрлым тез аяқтауды, сөйтіп, оны дереу пайдалануға беруді ескермей келеді.

Егін жыйнауға жүрген колхозшыларды мәдениетті қамтуды колхоз партия ұйымының секретары Курбацкий жолдас тіпті естен шығарып алған. Мұны Курбацкий жолдасың «Мәдени-ағарту жұмысымен егін жыйнау аяқталғаннан кейін шұғылданамыз» деп мәдени-ағарту жұмысын екінші кезекке қойып отырғандығы толық дәлелдейді.

Қысқасын айтқанда, колхозда шаруашылық жұмыстары саяси-бұқаралық жұмыстармен ұштастырыла жүргізілмейді. Мұны не деуге болады?

Ғ. ИСАЕВ.

Газет, журналдарды уақытында ала алмайды

Совет ауданындағы «Красное поле» колхозының басшылары хат-хабар тасу жұмысын жақсартуға жете көңіл бөлмей келеді. Соның салдарынан № 3 бригадала тұратын колхозшылар газет, журналдары мен хат-хабарларын соңғы кезде уақытылы ала алмайтын болып жүр.

Колхоз хат тасушысы Сәбиев жолдас өзіне жүктелген жұмысты ойдағыдай атқарып жүрген жерінен колхоз басшылары оның қарамағына берілген атты алып қойды. Бұған колхоз председатели Яковенко жолдас «хат тасу үшін бөлетін ат жоқ» деп болымсыз себеп айтады. Бірақ, ол жаю жүріп, бригадаларда тұратын колхозшылардың газет, журналдарын күнбе-күн жеткізіп тұру мүмкін емес екендігін ескермейді.

Яковенко жолдас хат тасушының қарауына арнаулы ат беріп, колхозда хат-хабар тасу ісін дереу жолға қойғаны жөн.

Ж. ШАЙБАНОВ.

КИНО КӨРМЕГЕЛІ КӨП БОЛДЫ

Облысымыздың аярандарында советтік жаңа кинофильмдер көрсетіле бастағандығы туралы хабарларды газет бетінен жиі көзден өткізіп отырамыз. Бірақ, Преснов ауданындағы Аманкелді атындағы колхоздың мүшелері мен мектеп оқушыларының осындай жаңа фильмдерді көрмегеніне көп болды. Колхоздың № 2 бригадасына жылжымалы кино январь айынан бері келген емес.

Жылжымалы кино колхозға өте-өте

сирек келеді. Соның өзінде фильмдер дүрсе көрсетілмейді. Кино көрсетудегі бұл сыяқты кемшіліктер жөнінде колхозшылар бұдан бұрын да бірнеше рет дабыл көтерді. Бірақ, аудандық мәдениет бөлімінің басшылары төменнен көтерілген сыңа құлақ аспай, Аманкелді атындағы колхоздың мүшелерін кино мен қамту-ісін жақсартып алмай-ақ келеді.

Қ. ҚАСЫМҒОЖИН
М. ТАСТАНОВ.

жанындаған. Диверсанттардың шифрлар, құпия хабар беретін шартты белгілер, нұсқаулар және қылмысты әрекеттер жасауға керекті басқа құралдар табылып, тартып алынған.

«Еркін юристердің тергеу комитеті» дейтін ұйым ГДР территориясына астыртын жіберген агент Хэвель Пирддегі «Кувстзейтенверк» заводның жұмысшысы Макс Новакты қианды қалыңмен ұландырмақ болған жерінде ұсталған. Хэвель тергеуде заводтың жұмысын тоқтату үшін кабелі каналын бұзып-қыйрату маған тапсырылған еді деп көрсеткен. Бұл диверсиялық әрекетті жасауға жұмысшы Новак бөлет болған.

1954 жылғы январьда ұсталған «күрес тобының» диверсаны Войте өзінің темір жолда авария ұйымдастырып, соның салдарынан адамдар өлгенін мойындаған. Осы ұйымның басқа бір диверсаны Гесслер Магдебургтегі «Эрнст Тельман» заводның ұсталық цехын қыйратуға, сөйтіп заводтың жұмысын бүлдіріп, адамдар өлімін тудыруға тапсырма алған. Диверсанттар Хорней мен Пресска «Вольфен» кинофабрикасындағы турбинаны істен шығару және фабриканың трубасын жарып қыйрату тапсырылған. Фабрика жұмысшыларының қырағылығы арқасында диверсияға жол берілмеген.

«Күрес тобының» ұсталған агенттері қолдан жасалған жалған нұсқаулар жарлықтар мен директивалар тарту жолымен, сондай-ақ қызметкерлер жөнінде бопсалау және қорқыту әдістерін қолдану жолымен мемлекеттік аппараттың жеке бұйымдары мен кәсіпорындардың жұмысына іріткі салуға тапсырмалар алды деп көрсеткен. Агенттер осы бұлдіру әрекетін американдық тыңшылық органдарында жасалған «көкімшілік кедергілер жасау жоспары» дейтінге сәйкес жүргізген.

ГДР тергеу орындарының қарамағында шпиондық-диверсиялық ұйымдар агенттерінің қылмысты әрекеттерінің көптеген айғақты заттары бар. Ұсталған агенттерден карабиндер, пистолеттер, жарылғыш заттар және автоматтық жарылғыштар мен жабықталған бомбалар, Америкада жасалған хабар қабылдайтын және беретін ондаған шағын радиостанциялар, ерекше фотоаппараттар, көптеген қағаздар, жандығын амузалар, бикфорд бауы, ұлар, сондай-ақ, құпия хабар беретін шартты шифр белгілері, арнаулы сызы және шпиондық пен диверсия жасаушы басқа құралдары табылған.

Геленнің тыңшылық ұйымының бұрынғы қызметшісі Хейер Кананке және ГДР-ге өткен басқа адамдар ГДР халқына қарсы бағытталған өрт салу, диверсия жасау, кісі өлтіру және басқа дұшпандық әрекеттерін пилоттік АБЦ—2 әдістері бойынша жұмыс істейтін Гелен ұйымын:

ШАНХАЙ, 24 септябрь. (СОТА). Жапонияның көмір өнеркәсібінде кризистен деңгияларының күшеюіне байланысты елде жұмыссыздар саны көбеюде. Токио радиосының хабарына қарағанда, Жапонияның Тихухо көмір бассейнінде және

Тергеу материалдары шпиондық-диверсиялық ұйымдардың көмегіне жетпеген дәстөр мен қыздарды, тіпті балаларды өз мақсаттарына пайдаланып отырғаны анықтанды. Мысалы, агенттер Вольф пен Фишер көптеген оқушылары Христу мен Урсулу Верерді және басқаларды листовкалар нұсқаулар тартуға арналдық деп көрсеткен, бұл листовкаларда паровоздар мен вагондардың подшинияктеріне күм себуге, телефон сымын үзуге, белгі беретін қондырғыларды бұлдіруге және транспортта басқа да диверсиялық әрекеттер жасауға нұсқаулар берілген. Вольф тартатын арбір листовка үшін балаларға 25 пфенниг ақша төлеген. Коттбуе округінде гелендік агенттердің бір тобы көптеген өтіп алып, онда оқушыларды сатып алуға, сөйтіп оларды шпиондық әрекетке әзірлеуге тырысқан. Агенттер бұл үшін айына 80 маркадан ақы алған.

Фагтілерден көрініп отырғандай, американдық тыңшылық органдары, оккупациялық үкмет орындарының жағдайы мен праволарын пайдаланып, Батыс Германия мен Батыс Берлинде өздерінің агентуралық қызметтер жүйесін құрған, бұл ГДР мен Совет Армиясына қарсы шпиондық және бұлдіру әрекетін жүргізуде. Алынған жауаптар мынаны анықтап берген: американдық үкмет орындары Батыс Берлиннің өзінде ғана 17 бұлдіру және тыңшылық қызметтерін, соның ішінде: американдық комиссарының Берлиндегі өкілдігінің Клейаллеядағы 170-үйінде орналасқан американдық жоғарғы комиссиясы жанындағы тыңшылық басқармасын ұстап отыр. Бұл үйде сонымен қатар американдық тыңшы Бейли басшылық ететін «саяси диверсия бөлімі», американдық соғыс разведкасының органы «Нейви интеллидженс» (Берлин —Целендорф —Клейаллея 180) —басшысы американдық капитаны Дэй; АҚШ соғыс —әуе разведкасының Висбадендегі басқармасы және оның Батыс Берлинде, Темпельхоф аэродромы ауданындағы «Голдмбахус» үйінде орналасқан. «Оу Эс—Ай» арнаулы тергеу бөлімі деп аталатын филиалы —басшылары Бауэр, Алдендорф және басқалары; американдық саяси разведка бөлімі (Берлин, Кайзер-Вильгельмштрассе, 4); американдық «Си—Ай—Сиг» контрразведкасының 8-ауданындағы басқармасы (Берлин—Целендорф, Клейаллея, 172); американдық соғыс разведкасы мен контрразведкасының «Эм—Ай—Ди» бөлімшесі бар 7.880 деп аталатын (Берлин—Целендорф Клейаллея 80); Ливенгтон, 10 және «Смит», «Паркер», «Петерсен» басқаратын органы орналасқан. Соңғы екі айдың ішінде жоғарыда аталған американдық —диверсиялық ұйымдарының 155 агентін ГДР органдары ұстаған және

Жапонияда шахтерлердің ауыр халі

оның маңында ірі және ұсақ шахталар бос тұр. Жұмыссыздарды тіркейтін бюросының мәліметіне қарағанда, бұл бассейнде кәсіпорны иелері күніне орта есеппен 50 адамды жұмыстан шығарады.

Германиядағы шпиондық-диверсиялық әрекетті американдық үкмет орындары тартатын көтермелеу саясаты Германияны бейбітшілік және демократиялық жолмен өркендеуі туралы Потсдам келісімі және басқа төрт жақты келісімдер бойынша АҚШ-тың өзінше алған міндеттемелеріне мүдде қайшы келеді. Мұндай саясат, мұның өзі мүдде айқын болып отырғандай, белгілі бір мақсаты — Германияда абыржушылық және сенімсіздік жағдайын тудыру, Шығыс және Батыс Германияның өзара жақындауына жол берсеу және Германияның бөлшектелуін тереңдеті беру мақсатын көздейді.

Әрине, неміс халқы бұл саясатқа тілектес бола алмайды. Американдық —диверсиялық ұйымдары ГДР-ге астыртын жіберген агенттердің көпшілігі халықтың өзінің белсенді көмегімен анықталып, әшкереленгені сөзім деп санауға болмайды. Сонымен қатар мынадай жағдайдың ерекше сыйнаты бар: жоғарыда айтылғанындай, 100-ден аса агенттер, өздерінің американдық разведкасымен қылмысты байланыстарының ұлқа қарсы сыйнаты бар екенін және ГДР-ге қарсы бұлдіру әрекетінің боланатын жоқ екенін түсініп, өз еркімен кінодерін мойындап, ГДР органдарына келді. Германиядағы совет органдары, сондай-ақ ГДР үкметі де, ГДР мен Совет әскерлеріне қарсы жүргізіліп отырған шпиондық-диверсиялық әрекеттерді тыюға батыл шаралар қолдануды өздерінің міндеті деп санады және американдық үкмет орындарының Германияны қайта қосу ісіне дұшпандықпен қарайтын ұйымдарды көтермелеп отырғанына төсе алмайды.

Өзіңізге мәлім, совет үкмет орындары Батыс Германия мен Батыс Берлиннің территориясында орналасқан жоғарыда көрсетілген ұйымдардың қылмысты әрекеттеріне Германиядағы американдық оккупациялық үкмет орындарының бұған дейін талай рет назарын аударған болатын.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты мен американдық оккупациялық үкмет орындарының Батыс Германия мен Батыс Берлиндегі шпиондық-диверсиялық ұйымдарды таратуға және олардың Герман Демократиялық Республикасы мен совет әскерлеріне қарсы бағытталған қылмысты әрекеттерін тоқтатуға нәрменді шаралар қолдануын талап етемін.

Мұндай шаралар қолдану Германияда хауіпсіздік, сенушілік жағдайын тудыруға көмектескен болар еді және Германияны бейбітшілік, демократиялық негізде біріктірумен байланысты міндеттерді шешуді жеңілдеткен болар еді, бұған күшмен баспауға тиіс.

Мен бұл хаттың көшірмесін Англия мен Францияның жоғарғы комиссияларына жолдаймын.

ге қарағанда, 1915 жылы Бразилия бір тонна машина жүк, өнеркәсіп құралдары мен жабықтар үшін өзінен 2,3 тонна сыртқа шығарған болса, 1952 жылы ол бұл мөлшерде келтірілген товарларға өзінен 5,8 тонна ғана төгер сыртқа шығара алады. Есептелген мәліметке қарағанда, деп жазады газет, Бразилияның кәсіпорындарда істеп жүрген барлық халқы жылтың бір айы бойы американдықтарға тегін жұмыс істейді.

АҚШ ТАЙЛАНДТЫ ОККУПАЦИЯЛАУҒА НИЕТТЕНУДЕ

ПАРИЖ, 23 септябрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Банжоктен берген хабарына қарағанда, Тайланд армиясының жуырда Құрама Штаттардан оралған бас команданшесі генерал Сарит Танарад былай деп мәлімдеген: американдық үкметі Тайланд территориясында АҚШ-тың соғыс және соғыс-әуе күштерінің орналасуына рұқсат беруді талап еткен.

Генерал Танарад өзінің бұл талапты қабылдамай тастағанын да мәлімдеген.

БАТЫС ГЕРМАНИЯДАҒЫ ПОЛИЦИЯЛЫҚ ТЕРРОР

БЕРЛИН, 23 септябрь. (СОТА). АДП агенттігінің хабарына қарағанда, Германияның Коммунистік партиясына тыйым салу мақсатымен Аденәуэр үкметі дайындап жатқан арандатушылық сот процесі 23 ноябрьге тағайындалған. Өкмет орындары Коммунистік партияның председатели Макс Рейманның, басқарма мүшелері Гейнц Реннер мен Вальтер Фиштің 23 ноябрьде Карлс-рудегі конституциялық сотқа келуін талап еткен.

ИРАНДАҒЫ ТҮТҚЫНДАУШЫЛЫҚ

ТЕГЕРАН, 24 септябрь. (СОТА). «Кейхан» газетінің хабарына қарағанда, Мешхед қаласында халық партиясына мүше деген айыппен 50 адам тұтқындалған. «Толу» газеті былай деп жазады. Мешхед қаласында осындай айыппен 60 адам тұтқындалған.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ГҮЛДІ ӘИЕЛ»

Сеанстар сағат 3, 5, 7, 9 және 11-де басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«БІЗ СІЗБЕН БІР ЖЕРДЕ КЕЗДЕСКЕН СЫЯҚТЫМЫЗ»

Сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.